

Қоғам & Дәуір



ҚСЗИ

Қазақстан Республикасының
Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық
зерттеулер институты

2004 жылдан бастап
әр тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор

Алуа Жолдыбалина,

ҚР Президенті жанындағы

ҚСЗИ-дің бөлім басшысы

Шығаруға жауапты:

А. Арзықұлов

Редакция мекенжайы:

Қазақстан Республикасы,

010000, Нұр-Сұлтан қаласы,

Бейбітшілік көшесі, 4

ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ

Телефон (7172) 75-20-20

Факс (7172) 75-20-21

E-mail: office@kisi.kz

www.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының

Мәдениет, ақпарат және қоғамдық

келісім министрлігінде 2003 ж.

19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы

№ 4526-Ж куәлік берілген.

ISSN 2414 - 5696

Индекс 74007

Журналда жарияланған материалдарды

көшіріп басқан, микрофильмдеген

жағдайда журналға сілтеме жасалынуы

міндетті. Жарияланған мақала

авторларының пікірі редакция

көзқарасын білдірмеуі мүмкін.

ҚБ «ҚСҚ» «Көкшетау» ҚФ

басылып шығарылды.

Көкшетау қ.,

Қанай-би, 37.

Таралымы 500 дана.

Қоғам & Дәуір

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

Вячеслав Додонов

XXI ғасырдың басындағы халықаралық инвестициялық ағындар – Қазақстанға шетелдік инвестицияларды тартудың негізгі үрдістері мен мәнмәтіні.....6

Балтабай Сыздықов

Экономикасы дамушы елдердегі капитал нарығының даму үрдістері.....23

Бекжан Сыдықов

Қазақстан экономикасының нақты секторындағы инновациялық әрекет: мүмкіндіктер мен тәуекелдер...43

Бағлан Казиев, Ливон Мартынов

Алматы қаласының кеңістіктік геоақпараттық картасы негізінде қалалық қызметтердің іс-әрекетін тиімді басқару (қаланың 3Д ГАЖ-ы).....60

Бахтияр Бабаджанов

Орталық Азияның мұсылман діндарлары зорлық-зомбылық экстремизмі мен лаңкестікке қарсы: болжамдар және жоспарланбаған әсерлер.....75

Елена Бурова, Әсел Назарбетова

Діни-уәждемелі экстремизмнің институционалдық факторлары.....90

Амангелді Төлемісов

Қасым хан және оның заңдар жинағы: рухани жаңғыру аясындағы мәселенің зерделенуі.....106

СОДЕРЖАНИЕ

Вячеслав Додонов

Международные инвестиционные потоки в начале XXI века – ключевые тенденции и контекст привлечения иностранных инвестиций в Казахстан.....6

Балтабай Сыздықов

Тенденции развития рынка капитала в странах с развивающейся экономикой.....23

Бекжан Сыдықов

Инновационная деятельность в реальном секторе экономики Казахстана: вызовы и риски.....43

Бағлан Казиев, Ливон Мартынов

Эффективное управление деятельностью городских служб на основе пространственной геоинформационной карты города Алматы (3Д ГИС города).....60

Бахтияр Бабаджанов

Мусульманские богословы ЦА против идеологии насильственного экстремизма и терроризма: ожидания и незапланированные эффекты.....75

Қоғам & Дәуір

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

Қоғам & Дәуір



ҚСЗИ

Қазақстан Республикасының
Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық
зерттеулер институты

Елена Бурова
Асель Назарбетова
Институциональные факторы
религиозно мотивированного экстремизма.....90

Амангелді Толамисов
Хан Касым и его свод законов: рассмотрение
проблемы в контексте модернизации общественного
сознания.....106

CONTENTS

Vyacheslav Dodonov
International Investment Flows at the Beginning
of the XXI Century - Key Trends and Context
of Attracting Foreign Investments in Kazakhstan.....6

Baltabay Syzdykov
Tendencies of Development of the Market
of Capitalin Countries with Developing Economics.....23

Bekzhan Sadykov
Innovative Activity in the Real Sector
of the Economy of Kazakhstan: Challenges and Risks.....43

Baglan Kazyiev,
Livon Martynov
Effective Management of City Services Based on a Spatial
Geoinformation Map of Almaty City (3D GIS of the City)...60

Bakhtiyar Babajanov
Muslim Theologians of Central Asia Against the
Ideology of Violent Extremism and Terrorism:
Expectations and Unplanned Effects.....75

Elena Burova,
Assel Nazarbetova
Institutional Factors of Religiously Motivated Extremism...90

Amangeldi Tolamissov
Kassym Khan and His Conduct of Laws:
Studying the Problem in the Context
of Modernization of Public Consciousness.....106

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

- Ерлан ҚАРИН** – Редакциялық кеңестің төрағасы, Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі, саяси ғылымдарының кандидаты
- Алуа ЖОЛДЫБАЛИНА** – Бас редактор, ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының бас ғылыми қызметкері, Ph.D
- Алмас АРЗЫҚҰЛОВ** – редактор, ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты, ақпараттық-талдау жұмысы бөлімі басшысының орынбасары, тарих магистрі
- Уямо ТОМОХИКО** – Хоккайдо университеті жанындағы Славян зерттеулер орталығының профессоры (Жапония), Ph.D
- Уильям ФИЕРМАН** – Индиана университетінің профессоры (АҚШ), Ph.D
- Сон ЮНХУН** – Ханкук университетінің профессоры (Оңтүстік Корея), Ph.D
- Бүркітбай АЯҒАН** – ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор
- Қазбек ИСАЕВ** – ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының ғалым хатшысы, тарих ғылымдарының кандидаты
- Мейрам ҚАЗЫКЕН** – Қазіргі заманғы қоғамды зерттеу институтының директоры, экономика ғылымдарының докторы
- Ботагөз РАҚЫШЕВА** – «Қоғамдық пікір» зерттеу институтының жобалар директоры, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты
- Айгүл САДУАҚАСОВА** – ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Орталық Азия өңіріндегі этносаралық және конфессияаралық қатынастарды зерттеу жөніндегі орталықтың басшысы, әлеуметтану ғылымдарының докторы

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

- Ерлан КАРИН** – председатель Редакционного совета, советник Президента Республики Казахстан, кандидат политических наук
- Алуа ЖОЛДЫБАЛИНА** – шеф-редактор, главный научный сотрудник Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК, Ph.D
- Алмас АРЗИКУЛОВ** – редактор, заместитель руководителя отдела информационно-аналитической работы Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК, магистр истории
- Уямо ТОМОХИКО** – профессор Центра славянских исследований Университета Хоккайдо, Ph.D (Япония)
- Уильям ФИЕРМАН** – профессор университета Индиана, Ph.D (США)
- Сон ЮНХУН** – профессор Ханкукского университета, Ph.D (Южная Корея)
- Буркитбай АЯГАН** – директор института истории государства КН МОН РК, доктор исторических наук, профессор
- Казбек ИСАЕВ** – ученый секретарь Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК, кандидат исторических наук
- Мейрам КАЖЫКЕН** – директор Института исследований современного общества, доктор экономических наук
- Ботагоз РАКИШЕВА** – директор проектов исследовательского института «Общественное мнение», кандидат социологических наук
- Айгуль САДВОКАСОВА** – руководитель Центра по изучению межэтнических и межконфессиональных исследований в Центральноазиатском регионе при Академии государственного управления при Президенте РК, доктор социологических наук

THE EDITORIAL BOARD

- Yerlan KARIN** – Chairman of Editorial Board, Adviser to the President of the Republic of Kazakhstan, Candidate of Political Sciences
- Alua ZHOLDYBALINA** – Chief Editor, Chief Research Fellow of Kazakhstan Institute for Strategic Studies under President of Kazakhstan (KazISS), Ph.D
- Almas ARZIKULOV** – Editor, Deputy Head of the Department of Information-Analytical Works KazISS under President of Kazakhstan, Master of History
- Uyamo TOMOHIKO** – Slavic-Eurasian Research Center, University of Hokkaido (Japan), Ph.D, Professor
- William FIERMAN** – Department of Central Eurasian Studies, Indiana University Bloomington (USA), Ph.D Professor
- Song YONGHONG** – University of Hankuk, Ph.D (South Korea), Professor
- Burkitbai AYAGAN** – Director of Institute of History of State, Ministry of Education and Science of Kazakhstan, Doctor of History, Professor
- Kazbek ISSAYEV** – Secretary for Research and Academic Affairs of KazISS under President of Kazakhstan, Candidate of Historical Sciences
- Meiram KAZHIKEN** – Director of Institute of Contemporary Societal Studies, Doctor of Economics
- Botagoz RAKISHEVA** – Projects Director, «Public Opinion» Research Institute, Candidate of Sociology
- Aigul SADVOKASOVA** – Head of Center of Inter-ethnic and Inter-confessional Studies in Central Asia, Academy of Public Administration under President of Kazakhstan, Doctor of Sociology

Вячеслав Додонов

*Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының бас
ғылыми қызметкері, экономика ғылымдарының докторы*

**XXI ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ АҒЫНДАР – ҚАЗАҚСТАНҒА
ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ТАРТУДЫҢ
НЕГІЗГІ ҮРДІСТЕРІ МЕН МӘНМӘТІНІ**

Андатпа. Соңғы онжылдықтар ішінде халықаралық инвестициялық ағындар саласындағы ахуал барлық негізгі аспектілерде іс жүзінде елеулі өзгерістерге ұшырады. Әлемнің негізгі өңірлерінің жаһандық инвестициялық үдерісіндегі рөлі өзгерді, онда дамыған және дамушы елдердің арақатынасы өзгерді, инвестициялар тарту форматтарында және олар орналас-тырылатын құралдарда екпін өзгерді. Осы өзгерістердің барлығы Қазақстанға шетелдік инвестицияларды тарту үдерістерін жетілдіру контекстінде ұғынуды қажет етеді - бұл ел экономикасының ағымдағы кезеңінің неғұрлым өзекті міндеттерінің бірі.

Түйін сөздер: *шетелдік инвестициялар, тікелей шетелдік инвестициялар, портфельдік инвестициялар, инвестициялардың өңірлік құрылымы, Қазақстанға шетелдік инвестициялар.*

Вячеслав Додонов

**МЕЖДУНАРОДНЫЕ ИНВЕСТИЦИОННЫЕ ПОТОКИ
В НАЧАЛЕ XXI ВЕКА – КЛЮЧЕВЫЕ ТЕНДЕНЦИИ
И КОНТЕКСТ ПРИВЛЕЧЕНИЯ ИНОСТРАННЫХ
ИНВЕСТИЦИЙ В КАЗАХСТАН**

Аннотация. В течение последних десятилетий ситуация в сфере международных инвестиционных потоков претерпела

значительные изменения практически во всех основных аспектах. Изменились роли в глобальном инвестиционном процессе основных регионов мира, изменилось соотношение в нем развитых и развивающихся стран, изменились акценты в форматах привлечения инвестиций и инструментах, посредством которых они размещаются. Все эти изменения нуждаются в осмыслении в контексте совершенствования процессов привлечения иностранных инвестиций в Казахстан – одной из наиболее актуальной задачи текущего этапа экономики страны.

***Ключевые слова:** иностранные инвестиции, прямые иностранные инвестиции, портфельные инвестиции, региональная структура инвестиций, иностранные инвестиции в Казахстан.*

Vyacheslav Dodonov

INTERNATIONAL INVESTMENT FLOWS AT THE BEGINNING OF THE XXI CENTURY - KEY TRENDS AND CONTEXT OF ATTRACTING FOREIGN INVESTMENTS IN KAZAKHSTAN

Abstract. Over the past decades, the situation in the field of international investment flows has undergone significant changes in almost all major aspects. The roles of the main regions of the world in the global investment process have changed, the ratio of developed and developing countries in it has changed, the emphasis in the forms of investment attraction has changed and the instruments through which they are placed as well. All these changes need to be understood in the context of improving the processes of attracting foreign investment in Kazakhstan - one of the most urgent tasks of the current stage of the economic country.

***Keywords:** foreign investment, foreign direct investment, portfolio investment, investment regional structure, foreign investment in Kazakhstan.*

Қазақстанға шетелдік инвестицияларды тарту процесін қарай отырып, ХХІ ғасырда қалыптасқан жалпы халықаралық

инвестициялық ағындар саласындағы ахуалдың мәнмәтініне назар аудармауға болмайды, өйткені бұл мәнмәтін жекелеген ұлттық экономикалар деңгейіндегі тиісті процестерге елеулі ықпал етеді. Сонымен қатар, халықаралық инвестициялық ынтымақтастық және сол себепші болатын әлемдік инвестициялық ағындар ХХІ ғасырдың алғашқы онжылдығында елеулі өзгерістерге ұшырады және алдыңғы жүзжылдықта қалыптасқан шетелдік инвестициялардың рөлі мен бағыттары туралы дәстүрлі түсініктерді айтарлықтай өзгертті.

Халықаралық инвестициялық ағындардағы елеулі өзгерістердің қатарына реципиенттер ретінде де, тікелей шетелдік инвестиция (ТШИ) көздері ретінде де дамыған және дамушы экономикалардың арасындағы тез өзгертін арақатынасты жатқызуға болады. 1991 жылдан бастап социалистік жүйенің жұмысы тоқтатылғаннан кейін (сондай-ақ әлемдік инвестициялық ағындардың өзгеруіне елеулі үлес қосқан) және транзиттік экономика мәртебесін алған жаңа тәуелсіз мемлекеттер пайда болғаннан кейін жиналған ТШИ көлемінің өсуі елдердің негізгі топтары бойынша айтарлықтай ерекшеленді (1-кесте).


1-кесте. 1991-2017 жылдары экономиканың негізгі топтары бойынша жинақталған тікелей шетелдік инвестициялар көлемінің өзгеруі, млрд. АҚШ доллары¹

| | 1991 | 2000 | өсім 2000/ 1991, есе | 2001 | 2005 | 2010 | 2017 | өсім 2017/ 2001, есе | өсім 2017/ 1991, есе |
|-------------------------|--------|--------|-------------------------------|--------|---------|---------|---------|-------------------------------|-------------------------------|
| Әлем | 2471,3 | 7380,5 | 3,0 | 7475,2 | 11427,7 | 20279,4 | 31524,4 | 4,2 | 12,8 |
| Дамушы экономикалар | 546,7 | 1546,1 | 2,8 | 1741,4 | 2653,2 | 6123,1 | 10353,5 | 5,9 | 18,9 |
| Транзиттік экономикалар | 2,2 | 52,0 | 23,7 | 77,9 | 250,3 | 676,0 | 839,7 | 10,8 | 383,8 |
| Дамыған экономикалар | 1922,4 | 5782,4 | 3,0 | 5655,9 | 8524,3 | 13480,3 | 20331,2 | 3,6 | 10,6 |

¹ UNCTAD деректері бойынша есептелген: *Foreign direct investment: Inward and outward flows and stock, annual*. UNCTADStat Datacenter. URL: <http://unctadstat.unctad.org/wds/TableViewer/tableView.aspx> (жүгіну күні: 9.01.2019).

Транзиттік экономикаларда (олардың қатарына Қазақстан да жатады) жинақталған ТШИ көлемінің өсімі барынша жоғары болды, бұл социалистік мемлекеттерде 90-шы жылдарға дейін шетелдік компаниялардың өте шектеулі болуының салдарынан төмен базаның әсерімен байланысты. Осы айқын әсер транзиттік экономикаларда жинақталған ТШИ көлемінің 1991 жылдан 2017 жылға дейінгі кезеңде 384 есе өсуіне себепші болды, бұл ретте озыңқы серпін ХХІ ғасырда да сақталды. 2001-2017 жылдар аралығында орташа әлемдік мән 4,2 есе болған кезде, бұл көрсеткіш 11 есеге өсті. Бұл мәнмәтінді транзиттік экономика бола отырып, 2001-2017 жылдар аралығында осы елдер тобының деңгейінде жинақталған ТШИ көлемінің 11,3 есе өсуін көрсеткен Қазақстанға ТШИ тартудың табыстылығын бағалау кезінде де ескеру қажет.

Егер транзиттік экономикалар үшін ТШИ ағынының жылдық көлемін қарайтын болсақ, онда бұл көрсеткіш 2008 жылы 118 млрд. долларды құрап, ең жоғары деңгейге жетеді, одан кейін он жыл бойы құлдырау орын алады. Бұл жағдайда Қазақстанға ТШИ ағынының траекториясы осы елдер тобына тән серпінді қайталайды (1-сурет).




1-сурет. Транзиттік экономикаларға және Қазақстанға ТШИ-дің жылдық ағыны көлемінің салыстырмалы серпіні, млрд. доллар.²

² UNCTAD деректері бойынша есептелген: Foreign direct investment: Inward and outward flows and stock, annual. UNCTADStat Datacenter. URL: <http://unctadstat.unctad.org/wds/TableViewer/tableView.aspx> (жүгіну күні: 9.01.2019).

Неғұрлым ірі ел топтарын, ең алдымен дамыған және дамушы елдерді (олардың қатарына келешекте транзиттік экономикалар да жатқызылатын болады) қарастыратын болсақ, олардың әлемдік инвестициялық процестегі рөлдерінің арақатынасы ХХІ ғасырда орын алған сипатты өзгерістерді көрсетеді. Дамушы экономикалардағы жинақталған ТШИ көлемінің өсуі 2000-шы жылдары айтарлықтай жылдамдады және дамыған елдердегі ұқсас көрсеткіштен аса бастады. Егер ХХ ғасырдың соңғы онжылдығында дамыған экономикалардағы бұл индикатор дамушы экономикалардағы 2,8 есеге қарағанда үш есе өскен болса, онда 2001-2017 жылдары жағдай дамушы елдердің пайдасына (транзиттік экономиканы есепке алмағанда да) өзгерді, онда өсу дамыған елдердегі 3,6 есемен салыстырғанда 5,9 есені құрады.


Тиісінше, ХХІ ғасырда жинақталған шетелдік инвестицияларды дамыған және дамушы экономика арасында бөлу тез өзгерді. Егер 90-шы жылдардың соңында дамыған елдерде ТШИ-дің әлемдік көлемінің 80% дерлік шоғырланса, онда ХХІ ғасырдың екінші онжылдығына қарай бұл көрсеткіш 64%-ға дейін төмендеді (2-сурет).



2-сурет. Жинақталған ТШИ-дің әлемдік көлеміндегі дамыған және дамушы (транзиттік) экономикалар үлесінің серпіні, %.³

³ UNCTAD деректері бойынша есептелген: *Foreign direct investment: Inward and outward flows and stock, annual*. UNCTADStat Datacenter. URL: <http://unctadstat.unctad.org/wds/TableViewer/tableView.aspx> (жүзін күні: 9.01.2019).

Жинақталған ТШИ арақатынасының өзгеруі дамыған және дамушы экономикаға ТШИ-дің жылдық ағыны көлеміндегі пропорциялардың жылдам өзгеруі есебінен болды. Егер ХХІ ғасырдың басында бұл пропорциялар жинақталған шетелдік инвестициялар көлемінің арасында қалыптасқан арақатынаспен бірдей болды, ол дамыған елдердегі 80-мен салыстырғанда 20-ны құрады, ал небәрі он жылдан кейін, 2010 жылы дамушы экономикалар алғаш рет ТШИ ағынының үлкен көлеміне ие болды және бұл жағдай келесі жылдары бірнеше рет қайталанды (3-сурет).



3-сурет. ТШИ-дің жылдық ағыны құрылымындағы дамушы және дамыған экономикалардың үлес салмағының өзгеруі, %.⁴

2014-2016 жылдары елеулі бөлігі шикізаттық сипатқа ие және әлемдік тауар нарықтарының жағдаятына тәуелді шикізат нарықтарының құлдырауы ТШИ-дің жылдық ағыны бойынша көшбасшылықтан уақытша айырылып қалуына себепші болды. Бірақ 2017 жылы олар дамыған елдерге қарағанда тікелей инвестицияларды қайтадан көптеп тартты. Бұл үрдіс әлемдік

⁴ UNCTAD деректері бойынша есептелген: Foreign direct investment: Inward and outward flows and stock, annual. UNCTADStat Datacenter. URL: <http://unctadstat.unctad.org/wds/tableViewer/tableView.aspx> (жүзін күні: 9.01.2019).

инвестициялық ағындардағы неғұрлым айқын жаһандық ілгерілеулердің бірі – осы ағындар бағыттарының дамыған экономикалардан дамушы экономикаларға ауысуына себеп бола отырып, болашақта да жалғасын табады.


Біздің ойымызша, жаһандық экономикалық жүйенің өзгеру процесінде ХХІ ғасырдың алғашқы онжылдығында орын алған тағы бір үрдіс, дәлірек айтқанда, дамушы экономикалардың ТШИ тартуда дамыған елдердің көшбасшылығын ұстап қалу үрдісі айтарлықтай маңызды. Бұл ғасыр ортасында ірі дамушы экономикаларды әлем үшін ТШИ-дің негізгі көзі ететін, дамушы елдерден шығатын инвестициялық ағындардың озыңқы өсу үрдісі. Дамушы экономикалар ХХ ғасырдың соңынан бастап шығыс ТШИ-дің өскенін көрсетеді, бірақ осы жүзжылдықта ол күрт жеделдей түсті. 2001-2017 жылдар аралығында дамушы елдерден жылдық шығыс ТШИ көлемі 7 есе өсті, ал дамыған экономикаларда ұқсас көрсеткіш небәрі 1,6 есені құрады (2-кесте).

2-кесте. Дамыған және дамушы экономикалар бойынша тікелей шетелдік инвестициялардың жылдық түсімі мен жылыстауы көлемінің серпіні, егер өзгеше көрсетілмесе, млрд. АҚШ доллары.⁵

| | 1991 | 2001 | 2017 | Өсім 2017/1991, есе | Өсім 2017/2001, есе |
|----------------------------------|-------|-------|--------|---------------------------|---------------------------|
| Дамушы экономикаларға ТШИ | 39,5 | 224,2 | 717,4 | 18,2 | 3,2 |
| Дамыған экономикаларға ТШИ | 114,5 | 548,5 | 712,4 | 6,2 | 1,3 |
| Дамушы экономикадан шетелге ТШИ | 11,1 | 60,0 | 420,8 | 37,9 | 7,0 |
| Дамыған экономикадан шетелге ТШИ | 187,8 | 623,3 | 1009,2 | 5,4 | 1,6 |

⁵ UNCTAD деректері бойынша құрастырылды: *Foreign direct investment: Inward and outward flows and stock, annual*. UNCTADStat Datacenter. URL: <http://unctadstat.unctad.org/wds/TableViewer/tableView.aspx> (жүгіну күні: 9.01.2019).


Дамушы елдерден шығатын ТШИ көлемі әзірше дамыған елдердің ұқсас көрсеткіштерінен артта қалып отыр, бірақ олардың арасындағы алшақтық біртіндеп қысқаруда. Егер 1991 жылы дамыған елдерден шығатын ТШИ-дің жылдық көлемі дамушы экономикалардың ұқсас көрсеткішінен 17 есе асып түссе, онда 2001 жылы бұл алшақтық 10,4 есеге дейін қысқарды, 2014 жылы ең төменгі деңгейге - 1,4 есеге жетті (яғни, дамушы елдерді ТШИ-ді шетелге жеткізуші ретінде дамыған елдермен салыстыруға келді), ал 2017 жылдың қорытындысы бойынша ол 2,4 есені құрады. Дамушы елдерден шығатын ТШИ-дің өсу үрдісі оларға инвестициялар ағынының өсу үрдісімен тығыз байланысты (4-сурет) және осы екі тренд «дамушы» әлемнің жаһандық инвестициялық процестерге тигізетін ықпалының артып келе жатқанын көрсетеді, ол келесі онжылдықтың өзінде дамушы экономикалардың әлемдік тікелей инвестициялар нарығындағы негізгі күш ретінде түпкілікті бекуіне алып келеді.



4-сурет. XXI ғасырдағы дамыған және дамушы экономикалардағы ТШИ-дің кіріс және шығыс көлемдерінің серпіні, жылына млрд. доллар.⁶

⁶ UNCTAD деректері бойынша есентелген: Foreign direct investment: Inward and outward flows and stock, annual. UNCTADStat Datacenter. URL: <http://unctadstat.unctad.org/wds/TableView/tableView.aspx> (жүзінү күні: 9.01.2019).


Дамушы экономикалар ықпалының өсуі экономикалық даму қарқынымен айтарлықтай ерекшеленетін жекелеген елдер деңгейінде ғана емес, сонымен қатар континенттік деңгейде де айтарлықтай сараланған. Соңғы онжылдықтарда Азия экономикаларының қарқынды дамуының салдарынан ТШИ-дің кіріс және шығыс ағындары көлемінің өсуінде Азия жетекші рөл атқарды, сонымен бірге тек әлемнің осы өңірінде ғана шығыс инвестициялардың өсу қарқыны тартылатын ТШИ-дің өсу қарқынынан асып түсті (5-сурет). Басқа өңірлерде инвестициялық ағындардың өсуі бірқалыпты болды, бұл ретте өсудің шектелуі дамыған экономикалардың тиісті континенттердегі таралу деңгейімен кері пропорцияда тікелей байланысты болды. Бұл заңдылықты оңай түсіндіруге болады – өйткені дамыған елдер ТШИ-дің жетекші көзі болды, оларда кіріс және шығыс инвестициялардың көлемінде статистикалық жоғары есептеу базасы болды, одан дамушы экономикаларға тән төмен деңгейлерден жоғары қарқынмен өсу қиынға түседі.



5-сурет. 1994-2017 жылдары әлемнің негізгі өңірлері бойынша ТШИ-дің кіріс және шығыс жылдық көлемдерінің өсуі, есе.⁷

⁷ UNCTAD деректері бойынша еценмелген: Foreign direct investment: Inward and outward flows and stock, annual. UNCTADStat Datacenter. URL: <http://unctadstat.unctad.org/wds/TableView/tableView.aspx> (жүгіну күні: 9.01.2019).

Осу көрсеткіштері өңірлік сипаттағы инвестициялық ағындарда болып жатқан ілгерілеулерді толық көлемде көрсетпейді. Мәселен, Африканың жоғары өсу көрсеткіштеріне қарамастан, бұл континенттің әлемдік инвестициялық ағындардағы рөлі өте елеусіз, ал Еуропа өзінің ең төмен өсу көрсеткіштерімен, керісінше, қарастырылып отырған кезеңнің көп бөлігінде ТШИ-дің көзі мен реципиенті ретінде көшбасшы рөлін сақтап қалды. Алайда, азиялық инвестициялық ағындар бағытының ұзақ және озыңқы өсуі өңірлік бөліністе абсолюттік көлемдер бойынша көшбасшылықтың ауысуына алып келді. 2010 жылға қарай тартылған ТШИ көлемі бойынша Азияны Еуропамен және Америкамен салыстыруға келді, ал 2017 жылдың қорытындысы бойынша – тартылған және шығарылған ТШИ бойынша да көш бастады (6-сурет).



6-сурет. 1994-2017 жылдары өңірлік ТШИ ағындарындағы ілгерілеулер, млрд. АҚШ доллары⁸

Азияның өсіп-өркендеуі және оның әлемдік инвестициялық ағындардың орталығы ретінде қалыптасуы инвестициялық

⁸ UNCTAD деректері бойынша есенменген: *Foreign direct investment: Inward and outward flows and stock, annual*. UNCTADStat Datacenter. URL: <http://unctadstat.unctad.org/wds/tableView/tableView.aspx> (жүгіну күні: 9.01.2019).

бағыттардағы жалғыз елеулі өзгеріс болған жоқ. Бұдан бөлек, осы тұрғыда Еуропа рөлінің тұрақты төмендеуі өзіне назар аудартады. ХХІ ғасырдың басында Еуропа тартылатын және шығатын ТШИ көлемі бойынша сөзсіз көшбасшы болса, одан әрі ол өз позицияларын жоғалтты және осы континенттің инвестициялық ағындары 2017 жылға қарай кіріс және шығыс көлемі бойынша 2000 жылғы деңгейден екі есе дерлік қысқарды. Нәтижесінде, 2017 жылы тартылған ТШИ бойынша Еуропа көшбасшылықты жаулап алған Азияға ғана емес, сонымен қатар Америкаға да жол берді, ал шетелге еуропалық инвестицияларды америкалық көрсеткішпен салыстыруға болды. Әлемдік ТШИ нарығындағы Еуропа рөлінің төмендеуі және Азия позицияларының өсуі өңірлік ілгерілеулер тұрғысынан және жаһандық инвестициялық нарықтың қайта бөлінуі тұрғысынан айқын үрдістерге айналды.

Бұл қайта бөліну әлемнің негізгі өңірлеріне инвестициялық ағындардың жылдық көлемінің өзгеруінен ғана емес, соңғы онжылдықтар ішінде инвестициялық ағын бағыттарының өзгеру салдарынан айтарлықтай оң өзгерістерге ұшыраған жинақталған ТШИ құрылымынан да көрініс табады. Өңірлік жинақталған ТШИ құрылымындағы негізгі оң өзгерістер инвестициялық ағындардың өзгеру үрдістеріне сәйкес келеді - дәстүрлі көшбасшылар болып табылатын Еуропа мен Америка үлесі қысқарған кезде, әлемдегі жинақталған ТШИ-дің жалпы көлемінде Азияның үлес салмағы ұлғайды (3-кесте).


3-кесте. 1995-2017 жылдары жинақталған ТШИ-дің географиялық құрылымының өзгеруі, %.⁹

| | 1995 | 2000 | 2005 | 2010 | 2015 | 2017 |
|--------------------|------|------|------|------|------|------|
| Аймаққа инвестиция | | | | | | |
| Африка | 2,5 | 2,1 | 2,5 | 3,0 | 2,9 | 2,7 |

⁹ UNCTAD деректері бойынша есептелген: *Foreign direct investment: Inward and outward flows and stock, annual*. UNCTADStat Datacenter. URL: <http://unctadstat.unctad.org/wds/TableViewer/tableView.aspx> (жүзін күні: 9.01.2019).

| | | | | | | |
|----------------------------|------|------|------|------|------|------|
| Америка | 36,7 | 46,7 | 36,7 | 29,8 | 32,7 | 35,2 |
| Азия | 17,3 | 15,4 | 15,8 | 21,1 | 25,4 | 24,9 |
| Европа | 39,6 | 33,8 | 42,4 | 43,2 | 36,6 | 34,7 |
| Аймақтан шыққан инвестиция | | | | | | |
| Африка | 0,8 | 0,5 | 0,4 | 0,6 | 0,9 | 1,2 |
| Америка | 38,8 | 43,1 | 38,1 | 29,9 | 30,6 | 32,8 |
| Азия | 11,3 | 11,9 | 11,4 | 16,1 | 23,7 | 23,9 |
| Европа | 47,3 | 43,1 | 48,2 | 51,1 | 43,1 | 40,5 |

Осы үрдістердің сақталуы жинақталған тартылған ТШИ көлемі бойынша таяудағы он жыл ішінде, ал шетелге жинақталған ТШИ көлемі бойынша 2030 жылға дейін Азияның көшбасшы позицияға шығуына алып келеді. Қазақстанға ТШИ тартумен байланысты жағдайға қатысты әлемде шетелдік инвестициялардың географиялық құрылымында болып жатқан оң өзгерістерді қарастыра келе, ол тиісті үрдістерді толық көлемде көрсетпейтінін атап өтуге болады. Қазақстанда жинақталған кіріс ТШИ да, шығыс ТШИ да әлемдегі ағымдағы жағдайға да, 90-шы жылдары байқалған жағдайға да сәйкес келмейді. Қазақстанға жинақталған ТШИ-дің негізгі көлемі Еуропаға тиесілі, ол Азия мен Америкадан бөлінетін салымдардан бірнеше есе асып түседі, Шетелге қазақстандық ТШИ туралы да осыны айтуға болады (7-сурет). Қазақстанда жинақталған ТШИ-дің географиялық құрылымында Еуропаның үлес салмағы 61,7%-ды, Америка – 23%-ды, Азия - 15,2%-ды құрайды. Қазақстаннан жинақталған ТШИ құрылымы біраз ғана ерекшеленеді: Еуропаға – 55,7%, Америкаға – 27,8%, Азияға – 16,6% тиесілі. Осылайша, Қазақстанға және Қазақстаннан инвестициялық ағындардың географиясымен байланысты ағымдағы жағдай әлемдік жағдайдан айтарлықтай ерекшеленеді.



7-сурет. 2018 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша Қазақстаннан және Қазақстанға жинақталған тікелей шетелдік инвестициялар, млн. АҚШ доллары ¹⁰

Инвестициялық ағындардың өңірлік ерекшеліктерін және олардың соңғы онжылдықтар ішіндегі өзгерістерін қарастыра келе, Азия инвестицияларының әлемдік инвестициялық процестегі рөлінің өсуімен байланысты тағы бір аспектіні атап өткен жөн. Жоғарыда аталған Азиядан шығатын ТШИ-дің өсуі, сондай-ақ Еуропа мен Американың позицияларын жоғалтуы Азияның қалған әлемнің нетто-инвесторы мәртебесіне жақындауына алып келді, яғни осы өңірден шетелге жинақталған инвестициялар тартылған жинақталған ТШИ-мен салыстыратындай деңгейге жетті. Егер 1995 жылы жинақталған ТШИ бойынша Азияның теріс нетто-позициясы өңірден шығатын инвестициялар көлемімен салыстырғанда 35%-дан асса, 2017 жылы бұл көрсеткіш 6,4%-ға дейін қысқарды (4-кесте). Осы кезеңде айтарлықтай оң нетто-позициясы бар

¹⁰ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша есептелген: Елдер бойынша салымдар бағытына қарай тікелей инвестициялар бойынша нетто-позицияның жай-күйі/Салым бағыты бойынша тікелей инвестициялар статистикасы. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі. Ресми интернет-ресурс. URL: <https://nationalbank.kz/?docid=680&switch=russian> (жүзін күні: 15.01.2019).

Америка ТШИ-дің нетто-реципиенті болды, ал Еуропаның оң нетто-позициясы салыстырмалы түрде екі есе қысқарды. Соңғы жылдары Азиядан шетелге шығатын ТШИ көлемі олардың тартылу көлемінен асып түскенін ескере отырып, таяу бірнеше жыл ішінде Азия жинақталған ТШИ бойынша қалған әлемнің нетто-инвесторына айналады деп болжауға болады, бұл Еуропа мен Америкадан инвестициялардың қысқаруымен қатар, оның қалған әлем үшін инвестициялық ресурстардың негізгі көзі ретіндегі мәртебесін нығайтады.

4-кесте. Әлемнің негізгі өңірлері бойынша жинақталған кіріс және шығыс ТШИ көлемдері мен теңгерімінің өзгеруі, егер өзгеше көрсетілмесе, млрд. АҚШ доллары.¹¹

| 1995 | | | | |
|---------|-------------------------|--------------------------|-------------------|---|
| | өңірге инвестициялар | өңірден инвестициялар | нетто- позиция | өңірдің инвестицияларымен салыстырғандағы нетто-позиция, % |
| Африка | 88,6 | 32,6 | -56,0 | -171,9 |
| Америка | 1308,8 | 1550,0 | 241,1 | 15,6 |
| Азия | 615,1 | 453,2 | -161,9 | -35,7 |
| Еуропа | 1412,6 | 1889,5 | 476,9 | 25,2 |
| 2017 | | | | |
| | өңірге инвестициялар | өңірден инвестициялар | нетто- позиция | өңірдің инвестицияларымен салыстырғандағы нетто-позиция, % |
| Африка | 866,8 | 365,6 | -501,2 | -137,1 |
| Америка | 11088,2 | 10100,0 | -988,1 | -9,8 |
| Азия | 7849,6 | 7376,5 | -473,1 | -6,4 |
| Еуропа | 10951,8 | 12504,5 | 1552,8 | 12,4 |

¹¹ UNCTAD деректері бойынша есептелген: *Foreign direct investment: Inward and outward flows and stock, annual*. UNCTADStat Datacenter. URL: <http://unctadstat.unctad.org/wds/TableViewer/tableView.aspx> (жүзінші күні: 9.01.2019).


Соңында, ХХІ ғасырдағы халықаралық инвестициялық ағындардың тағы бір ерекшелігі қаржыландыру көзі ретінде портфельдік инвестициялар рөлінің өсуі болды. Қаржы технологияларының қарқынды дамуы, қаржы құралдарының жаңа үлгілерінің белең алуы, реттеушілік режимдердегі өзгерістер және жаһандану процестерінің жандануы дәстүрлі тікелей инвесторлармен салыстырғанда портфельдік инвесторлар белсенділігінің артуына алып келді. ХХІ ғасырдың басында портфельдік инвестициялар орналастырылған активтердің көлемі әлемдегі жинақталған ТШИ көлемінен асып түсті, бірақ келесі бірнеше жыл ішінде бұл көрсеткіштің өсуі өте жоғары қарқынмен жалғасты, бұл жинақталған портфельдік және тікелей инвестициялар арасындағы алшақтықтың тез өсуіне себеп болды (8-сурет).



8-сурет. Жинақталған ТШИ көлемінің және әлемдегі портфельдік инвестициялар активтері мөлшерінің серпіні, млрд. доллар.¹²

¹² Мынадай дереккөздерден алынған деректер бойынша есептелген: *Foreign direct investment: Inward and outward flows and stock, annual*. UNCTADStat Datacenter. URL: <http://unctadstat.unctad.org/wds/TableView/tableView.aspx> (жүзін күні: 9.01.2019); *Table 15: All Economies - Reported Portfolio Investment Assets: Total Portfolio Investment*. IMF Data. URL: <http://data.imf.org/regular.aspx?key=60587819> (жүзін күні: 16.01.2019).

Қаржы нарықтарының қалыптан тыс өсуі 2008-2009 жылдардағы қуатты қаржы дағдарысына алып келді, соның нәтижесінде артық өтімділіктің бір бөлігі өз қызметін тоқтатты, мұның өзі портфельдік инвесторлардың белсенділігіне әсер етті. Әйтсе де, дағдарыстан кейін де портфельдік инвестициялардың көлемі жинақталған ТШИ көлемінен едәуір асып түседі және әлемдік инвестициялық процестегі портфельдік инвесторлардың рөлі өте жоғары болып қала береді, бұл да ХХІ ғасырдағы осы процеске тән ерекшеліктердің бірі болып табылады. Бұл тұрғыда Қазақстанда жинақталған шетелдік портфельдік инвестициялар көлемі 2000 жылдары өте аз болғанын атап өткен абзал (9-сурет).



9-сурет. 2000-2018 жылдары Қазақстанға жинақталған шетелдік инвестициялардың негізгі түрлері көлемінің серпіні, жыл соңындағы жағдай бойынша млн. АКШ доллары ¹³

¹³ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша есептелген: Қазақстанның халықаралық инвестициялық позициясы: стандартты көрініс. 2018 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша/Халықаралық инвестициялық позиция. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, ресми интернет-ресурс. URL: <https://nationalbank.kz/?docid=679&switch=russian> (жүзіну күні: 16.01.2019).

Шетелдік инвестициялардың осы түрінің үлес салмағы олардың жалпы көлеміндегі 1,5% ең төменгі мөлшерден (2002 жылы) 15,3% ең жоғарғы мөлшерге дейін (2010 жылы) өзгерді, ал 2018 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 7,9%-ды құрады. Бұл ретте, шетелден Қазақстанға жинақталған портфельдік инвестициялардың үлес салмағы ғана емес, сондай-ақ абсолюттік көлемі де ХХІ ғасырдың бүкіл екінші онжылдығы ішінде тоқтап тұрады, бұл инвестициялық процестің жоғарыда аталған әлемдік үрдістеріне қайшы келеді.

Инвестициялық ағындардың әлемдік үрдістерін және Қазақстандағы шетелдік инвестицияларды тарту саласында қалыптасқан жағдайды салыстыру отандық тәжірибеде әлемдік үрдістер толық көлемде көрсетілмейді, сондай-ақ жаңа қаржы құралдарын іске қосу және инвесторларды іздестіруде әлемнің басқа өңірлері мен елдеріне назарды бұру есебінен тартылатын инвестицияларды ұлғайтудың елеулі әлеуеті бар деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Foreign direct investment: Inward and outward flows and stock, annual. UNCTADStat Datacenter. URL: <http://unctadstat.unctad.org/wds/TableViewer/tableView.aspx> (дата обращения: 9.01.2019).
2. Состояние нетто-позиции по прямым инвестициям по направлению вложения по странам на 1 октября 2018 года/ Статистика прямых инвестиций по направлению вложения. Национальный банк Республики Казахстан. Официальный интернет-ресурс. URL: <https://nationalbank.kz/?docid=680&switch=russian> (дата обращения: 15.01.2019).
3. Table 15: All Economies - Reported Portfolio Investment Assets: Total Portfolio Investment. IMF Data. URL: <http://data.imf.org/regular.aspx?key=60587819> (дата обращения: 16.01.2019).
4. Международная инвестиционная позиция Казахстана: стандартное представление. На 1.10.2018 г./ Международная инвестиционная позиция. Национальный банк Республики Казахстан, официальный интернет-ресурс. URL: <https://nationalbank.kz/?docid=679&switch=russian> (дата обращения: 16.01.2019).

Балтабай Сыздықов
«Экономикалық зерттеулер институты»
АҚ жетекші сарапшысы

ЭКОНОМИКАСЫ ДАМУШЫ ЕЛДЕРДЕГІ КАПИТАЛ НАРЫҒЫНЫҢ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ

Аңдатпа. Осы мақалада эмпирикалық зерттеулерді талдау негізінде, экономикасы дамушы елдердегі капиталдың қозғалысына әсер ететін негізгі ішкі және сыртқы факторлар анықталды, капиталды шектеу құралдарын пайдалануға талдау, сондай-ақ кейбір дамушы елдердегі макропруденциалдық саясаттың әртүрлі нормативтерін пайдалануға талдау жүргізілді. Ұлттық экономиканың қаржылық тұрақтылығын арттыру мақсатында Қазақстан үшін макропруденциалдық реттеу шараларының кешені әзірленді және елге капитал ағынының құбылмалылығы мен алыпсатарлық бағытын төмендетуге мүмкіндік беретін капиталдың трансшекаралық ағынын шектеу құралдары ұсынылды.

Түйін сөздер: капитал нарығы, макропруденциалдық саясат, реттеу, сандық жұмсарту, тәуекелдерді бағалау матрицасы

Балтабай Сыздықов

ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ РЫНКА КАПИТАЛА В СТРАНАХ С РАЗВИВАЮЩЕЙСЯ ЭКОНОМИКОЙ

Аннотация. В настоящей статье выявлены на основе анализа эмпирических исследований, основные внутренние и внешние факторы, влияющие на движение капитала в странах с развивающейся экономикой, проведен анализ использования

инструментов ограничения капитала, а также анализ использования различных нормативов макропруденциальной политики в некоторых развивающихся странах. Разработан комплекс мер макропруденциального регулирования для Казахстана с целью повышения финансовой устойчивости национальной экономики и предложены инструменты ограничения трансграничного потока капитала, которые позволяют снизить волатильность и спекулятивную направленность притока капитала в страну.

***Ключевые слова:** рынок капитала, макропруденциальная политика, регулирование, количественное смягчение, матрица оценки рисков.*

Baltabay Syzdykov

TENDENCIES OF DEVELOPMENT OF THE MARKET OF CAPITAL IN COUNTRIES WITH DEVELOPING ECONOMICS

Abstract. This article identified based on the analysis of empirical studies, the main internal and external factors affecting the movement of capital in countries with developing economies, analyzed the use of capital restriction tools, as well as an analysis of the use of various macroprudential policy standards in some developing countries. A set of macro-prudential regulation measures has been developed for Kazakhstan to increase the financial sustainability of the national economy, and tools have been proposed to limit the cross-border capital flow, which can reduce the volatility and speculative direction of capital inflows into the country.

***Keywords:** capital market, macroprudential policy, regulation, quantitative easing, risk assessment matrix.*

Кіріспе

Қазіргі кездегі жағдайда дамушы экономикалардың әлемдік қаржы нарықтарына интеграциялануының күшеюі және әлемдік өндірістегі жоғары үлесі – шаруашылық іс-әрекеттердің жаһандануынан дамыған елдердің экономикалық саясатының дамушы нарықтардың «периферия» экономикасына мәжбүрлі ықпалының туындауына себеп болатынын білдіреді. Сыртқы фактор бола отырып, осы саясат ішкі проблемаларды тереңдете түседі, бұл экономикалардың өсу қарқынының баяулауына, ал кейбір жағдайларда құлдырауына әкеліп соғады. Бұл ретте капитал ағындарының құбылмалылығына әсер ететін ішкі факторларды да ескерген жөн.

Дамушы елдер үшін капитал қозғалысына септігін тигізетін жаһандық факторларға әсер ету мүмкін болмай отыр. Алайда, ішкі саясатты түзету, атап айтқанда, экономикадағы жүйелік дағдарыстың туындау тәуекелдерін азайтатын макропруденциалдық құралдарды пайдалану және ағындардың құбылмалылығын азайтатын капиталдың трансшекаралық қозғалысын шектеу бойынша іс-шараларды енгізу қаржылық тұрақсыздықты төмендетуге мүмкіндік береді.

Сыртқы ықпалдарды, атап айтқанда капиталдың күрт қайта құйылымын сіңіру үшін «өзгермелі» валюта бағамы жеткілікті деп есептелген болатын. Бұл ұғым капиталдың еркін ағыны болған кезде ұлттық валютаның еркін бағамы ғана ұлттық реттеуішке тәуелсіз ақша саясатын жүргізуге мүмкіндік береді деген «Манделла трилеммасының» классикалық мүмкін еместігіне негізделген. Шаруашылық іс-әрекеттерінің жаһандану жағдайында өзгермелі бағам капиталдың күрт қайта құйылуын жеңілдете алмайды – бұл жайт монетарлық трилемманы ұлттық реттеуіш капитал ағынына капитал бақылауы немесе макропруденциалдық реттеу арқылы ықпал еткен жағдайда ғана тәуелсіз монетарлық саясат мүмкін деген дилеммаға дейін қысқартады.

Осылайша, дамушы экономикасы бар елдердегі капитал нарығының даму үрдісі макропруденциалдық саясаттың таңдалған шараларының дұрыстығымен қатар, капиталдың трансшекаралық ағындарын шектеу саясатына және олардың тәжірибеде қолданылу тиімділігіне толықтай тәуелді болады.

Негізгі бөлім

Капиталдың дамушы экономикасы бар елдерге қозғалуына ықпал ететін көптеген факторлар бар. 2015 жылы Робин Коепке (Robin Коерке) [1] Кальво жұмысының негізінде капиталдың дамушы экономикасы бар елдерге қозғалуына ықпал ететін факторлар туралы 40 эмпирикалық зерттеуге талдау жүргізді. Бұл ретте автор, капитал ағындарын «push» және «pull» факторларға бөлуден басқа, келесі 4 негізгі топқа бөледі: үлестік портфельдік ағындар, борыштық портфельдік ағындар, банк ағындары және тікелей шетелдік инвестициялар (ТШИ). Автордың пікірінше, капитал ағындарының әртектілігі дамушы елдерге оң әсер де, теріс әсер де тигізуі мүмкін. Мысалы, ТШИ өзінің ұзақ мерзімге инвестициялауына және өндіріске тікелей қосылуына байланысты қысқа мерзімді ауытқуларға аса осал емес, ал дамушы экономикалар үшін бұның маңызы зор. ТШИ-дан өзгешелігі борыштық және үлестік портфель ағындары анағұрлым алыпсатарлық сипатта - инвесторлар экономикалық жаңалықтарға немесе қаржы нарығындағы қысқа мерзімді ауытқуларға жауап ретінде өз портфельдерінің құрамын түзетеді. Өз кезегінде, банк ағындары дамыған экономикалы елдердегі банктердің дамушы елдердің банктеріне несиелер беруімен, түпкілікті борышкерге тәуекелдың артумен байланыстырылады. Осылайша, 40 эмпирикалық зерттеуді зерделей отырып, автор дамушы экономикаларға капитал ағындарына ықпал ететін факторлар мен капитал ағындарының түрлері арасындағы өзара байланысты көрсетеді (1-кесте).

1-кесте. Негізгі компоненттер бойынша дамушы елдердің капитал ағындарына ықпал ететін факторлар

| Түрі | Фактор | Үлестік ағындар | Борыштық ағындар | Банктік ағындар | ТШИ |
|---|---|-----------------|------------------|-----------------|-----|
| Push (сыртқы фактор) | Жаһандық тәуекелді қабылдамау | | | | |
| | Дамушы экономиканың пайыздық мөлшерлемесі | | | | |
| | Дамушы экономика өндірісінің өсуі | | | | |
| Pull (ішкі фактор) | ДЭ өндірісінің ішкі өсуі | | | | |
| | ДЭ активтерінің қайтарылу көрсеткіші | | | | |
| | ДЭ ел тәуекелінің көрсеткіші | | | | |
| Ескертпе: Robin Коерке деректері негізінде автор құрған. What Drives Capital Flows to Emerging Markets? A Survey of the Empirical Literature. MPRA Paper No. 62770, 23. April 2015. | | | | | |

| | |
|--|--|
| | Оң ықпал туралы көз жеткізерлік дәлелдер |
| | Кейбір деректер оң ықпалдың бар екенін дәлелдейді |
| | Аралас дәлелдер, айқын ықпал жоқ |
| | Кейбір деректер теріс ықпалдың бар екенін дәлелдейді |
| | Теріс ықпал туралы көз жеткізерлік дәлелдер |

Бұл ретте жоғарыда сипатталған барлық факторлар капиталдың құйылу көлемі мен құбылмалылығындағы дамушы елдердің айырмашылықтарын түсіндіретінін айта кеткен жөн. Сол капитал ағымын «жасайтын» негізгі сыртқы фактор АҚШ ФРЖ, ЕОБ және Англия Банкінің сандық жеңілдету саясаты болып табылады. Бұл ретте көптеген зерттеушілердің QE саясатының дамушы нарықтарға ықпалы туралы пікірлері алшақтайды, алайда олардан басым көп бөлігі теріс ықпалдың бар екенін көрсетеді (2 - кесте).

2-кесте. Сандық жеңілдету бағдарламаларының дамушы елдер нарықтарына ықпалы

| | Оң ықпал | Теріс ықпал |
|---|---------------------------------------|--|
| QE дамушы елдер экономикасына ықпал етеді | Бен Бернанке, Бирн және Фиес, Ватросо | Бен Бернанке, Рагурам Раджан, R. Lavigne, S. Sarker. Дилма Руссефф, Peter Tillmann, Aizenman, J., M. Binici және M. M. Hutchison, Bowman, Londono және Saprizo, Eichengreen және Gupta, Бирн және Фиес, Форбс және Уорнок, Fratzscher, Chen, Lim |
| QE ықпалы бар, дегенмен ұлттық ерекшеліктерге қатысты - жеңілдетілген ықпал | | Ahmed және Zlate, Mishra, Rai және Suchanek |
| QE дамушы елдер экономикаларына ықпал етпейді (негізінен «жанама әсер») | | Д.В. Скрыпник, Почтарев Н.Е |
| Ескертпе: автор дереккөздер бойынша құрған [2]-[7]. | | |

Дамушы нарықтардағы капиталдың қозғалысы белгілі бір құралдар: ішкі қаржы операциялары туралы макропруденциалдық ережелер арқылы бұл елдердің қаржы тұрақтылығын сақтау немесе капитал қозғалысын бақылау сияқты қатаң шаралар қолдану туралы мәселені өзекті етеді.

Бұған дейін айтылғандай, дамушы нарықтарға капиталдың құйылуының (жылыстауының) өсу себептері туралы мәселеде нақты бір пікір жоқ. ХВҚ жүргізген эмпирикалық зерттеулерге сәйкес 45 дамушы экономикалар жөніндегі деректердің негізінде дамыған және дамушы елдер экономикалары өсімінің

арасындағы айырмашылық, дамыған және дамушы нарықтар арасындағы пайыздық мөлшерлемелердің саралануы, жаһандық тәуекелді қабылдамау, мұнай бағасының өзгеруі, АҚШ-тың ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді облигациялары арасындағы айырмашылық (Yield U.S, Gap) және АҚШ жоғары табысты облигацияларының спрэді сияқты негізгі жаһандық факторлар ажыратылды (3-кесте).

3-кесте. ХВҚ моделіне сәйкес капиталдың дамушы елдерге жалпы құйылуын (жылыстауын) түсіндірудегі жаһандық факторлар рөлі

| Көрсеткіш атауы | барлығы | үлестік | борыштық |
|---|-------------------------|------------------------|------------------------|
| Дамыған және дамушы елдер арасындағы экономикалар өсімінің саралануы | 2.404*** (0.676) | 0.555 (0.378) | 1.443*** (0.484**) |
| Дамыған және дамушы нарықтар арасындағы пайыздық мөлшерлеменің саралануы | 0.707* (-0.066) | 0.462 (0.072) | 0.216 (0.076) |
| Жаһандық тәуекелді қабылдамау | -1.981* (-1.781*) | -1.135 (-0.801) | -1.836** (-0.888*) |
| Мұнай бағасының өзгеруі | 0.000 (-0.002) | 0.002 (-0.000) | 0.009 (-0.004) |
| АҚШ-тың ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді облигацияларының табыстылығындағы айырмашылық (U.S, Yield Gap) | -0.950** (-0.764***) | -1.072** (-0.503**) | -0.204 (-0.296***) |
| АҚШ жоғары табысты облигацияларының спрэді | -2.772** (-0.137) | 0.119 (0.774) | -3.144** (-1.196**) |
| Бақылаулар саны | 58 | 58 | 58 |
| R ² | 0.56 (0.40) | 0.41 (0.15) | 0.74 (0.52) |
| Ескертпе: * $p < .10\%$; ** $p < 5\%$; *** $p < 1\%$, Автор келесі деректер негізінде құрған: International Monetary Fund. 2016. World Economic Outlook: Too Slow for Too Long. Washington, April 2016. | | | |

Әлемдік өсімнің қозғаушы күші бола отырып дамушы елдер инвесторлардың жоғары қызығушылығына ие және экономикалар өсімі саралануының ұлғаюы дамушы нарықтарға капиталдың құйылуына әкеліп соғады. Капитал жылыстаған жағдайда бұл фактор тек капиталдың борыштық жылыстауы кезінде ғана маңызды болады. Сондай-ақ U.S. Yield Gap көрсеткішін де айта кеткен жөн - QE жүргізу кезінде ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді облигациялар табыстылығының айырмашылығы азаяды, бұл дамушы елдерге капиталдың құйылуына және керісінше жағдайға себеп болады. Барлық атап көрсетілген жаһандық факторлардың ішінде дамушы елдерден капиталдың құйылуына және жылыстауына мұнай бағасының өзгеру көрсеткішінің нөлдік әсері бар.

Жалпы, қарастырылған жаһандық факторлар дамушы нарықтарда капиталдың құйылуы мен жылыстауын туындатады. Өз кезегінде, аталған жалпы ағындар көлемдері бойынша құбылмалы және әртекті бола отырып, экономикаларда қаржылық тұрақсыздық туындатады. Нәтижесінде, жаһандық факторларға ықпал ете алмауына байланысты, дамушы нарықтар алдында капитал ағындарының құбылмалылығынан ішкі қаржы нарығын қорғау туралы мәселе орын алады.

Капиталды шектеу құралдарын пайдалануда Латын Америкасы және Азия елдері табысты мысал бола алады. Капиталдың құйылуын бақылау бойынша шектеулер таза капитал ағындарының құбылмалылығын азайтуға, капитал ағындары түрлерінің әртектілігінің өзгеруіне және айырбастау бағамына қысымға ықпал ету мақсатында енгізілді. Осы шаралардың әсері туралы 4-кестеден қарауға болады.

4-кесте. Капитал қозғалысын шектеу бойынша шараларды пайдалану үлгілері

| Ел | Кезең | Бақылау шаралары | Зерттеу | Пайдаланылған шаралар ықпалы | | |
|----|-------|------------------|---------|------------------------------|-----------------------------------|-------------------------------------|
| | | | | ЖӨК құбылмалылығының азаюы | Ағындардың әртектілігінің өзгеруі | Айыр-бастау бағамына қысымды азайту |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|----------|-----------|--|-----------------------------|-----|-----|-----|
| Бразилия | 1993-97 | Қор нарығында капитал ағынына, шетелдік кредиттерге, сондай-ақ белгілі бір валюталық операцияларға салынатын айқын салық | Cardoso and Goldfajn (1998) | Иә | Иә | |
| | | | Reinhart and Smith (1998) | Иә | Иә | |
| | | | Ariyoshi and others (2000) | Жоқ | Жоқ | Жоқ |
| | | Капиталдың елде болу уақытына ең аз талаптар. | Edison and Reinhart (2001) | Иә | Иә | |
| | | | Carvalho and Garcia (2008) | Иә | | |
| Малайзия | 1994 | Қысқа мерзімді борыштық БҚ мен ақша нарығының құралдарын бейрезиденттерге сатуға тыйым салу | Ariyoshi and others (2000) | Иә | Иә | Иә |
| | | | Tamirisa (2004) | Иә | Иә | Жоқ |
| Хорватия | 2004-2008 | Банктік шетелдік қаржыландыруға шекті резервтердің пруденциалдық талаптары енгізілді | Jankov (2009) | - | Иә | - |
| Колумбия | 2007-2008 | Шетелден алынған қарыздың жалпы сомасының 40% міндетті резервтеу | Concha and Galindo (2008) | - | Иә | - |
| | | | Cardenas (2007) | | | |
| Таиланд | 2006-2008 | Бағ ұлттық валютаға ауыстырылған шетел валюта-сының 30%-н міндетті резервтеу | Clements and Kamil (2009) | Иә | Иә | Иә |

Ескертпе: автор келесі деректер негізінде құрған: Ostry, J. D., A. R. Ghosh, K. Habermeier, M. Chamon, M. S. Qureshi, and D. B. Reinhart (2010): «Capital Inflows: The Role of Controls,» IMF Staff Position note SPN/10/04, February 19.

Талдау капиталдың құйылуын шектеу бойынша қолданылатын құралдардың айырбастау бағамына жасалатын қысымның азаюына, капиталдың құйылуының құрамының өзгеруіне және ЖӨК құбылмалылығын азайтуға ықпал ететінін көрсетеді.

Капиталдың трансшекаралық қозғалысын реттеуді қатайту макропруденциалдық саясатты қатайтумен қатар жүрді. Жалпы алғанда, макропруденциалдық саясат құралдарын үш санатқа бөлуге болады: кредит берумен, өтімділік қағидаларымен және капиталдың жеткіліктілігімен байланысты құралдар (5-кесте).

5-кесте. Макропруденциалдық саясат құралдары

| | Құрал атауы | |
|--|---|--|
| Кредит беру | LTV (loan-to value)- енгізілген кепіл құнынан 90%-ға дейін ең жоғары кредит беру | Ипотекалық несиелеу өсімін бәсеңдетеді, қуыстардың пайда болуы мүмкіндігін азайтады, циклділік процесін азайтады |
| | LTI DTI (loan-to-income? debt-to-income) - қарыз алушының дефолт ықтималдығын төмендеуі | |
| | FC (foreign currency) – шетелдік валютамен кредит беруге шектеу қою | |
| | CGC (credit growth cap) - жалпы банктік кредит беруге немесе белгілі бір секторға шектеулер қою (мысалы, ипотекалық) | |
| Өтімділік қағидалары | LCR (liquidity coverage ratio) - банктің талықсытпалы сценарийде жуықтағы аралықта өз қызметін жалғастыру жай-күйін бағалау | Өтімділік дағдарысының туындайын азайтады, сәйкесінше, қаржы жүйесінің дағдарысын азайтады |
| | NSFR (net stable funding ratio) –банктегі тұрақты қорландыру көздерін бағалау | |
| | LDR (loan-to-deposit) –депозиттер мен берілген кредиттердің ара-қатынасын бағалау | |
| Капиталдың жеткіліктілігі | CCB (countercyclical capital buffer) – банктердің кредиттік белсенділігін экономикалық өрлеу кезеңдерінде тежеу | Қаржы институттарының тұрақтылығын күшейту, экономиканың «циклділік» құбылысын тежеу |
| | CB (conservation buffer-reserve requirements) – жүйелі экономикалық құлдырау кезінде банк секторының шығындарын жабу | |
| | LR (leverage ratio) – заем қаражатының артық үлесін болдырмау | |
| Ескертпе: автор келесі деректер негізінде құрған: Therese Grace, Niamh Hallissey and Maria Woods. The Instruments of Macro-Prudential Policy. CBI/ Quarterly Bulletin 01 / January 15. | | |

Осы барлық құралдар экономикада қаржылық жүйелік тәуекелінің туындауын төмендетуге бағытталған. Егер бұрын кредиттік тәуекелді бағалау әдістері банктерге жаңа экономиканың көтерілу кезеңінде цикльдік импульс көзі болып табылған кредиттеу көлемін ұлғайтуға мүмкіндік берсе, енді жаңа макропруденциалдық нормативтер керісінше кредиттеуді шектеуге себеп болады.

Макропруденциалдық нормативтердің негізгі оң кезеңдерінің бірі олардың икемділігі болып табылады - макроэкономикалық ахуалға қарай Үкімет бұл нормативтерді өзгерте, немесе тіптен күшін жоя алады. Бұл нормативтерді пайдалану үрдісін бақылау үшін дамушы елдердің мысалында қарастыру керек (6-кесте).

6-кесте. Дамушы елдердің макропруденциалдық саясаттың түрлі нормативтерін пайдалануы

| Құрал атауы | Ел |
|----------------------------------|---|
| LTV (ипотекалық несиелер беруге) | Бразилия, Мексика, Польша (2000-2010), Чили (2008-2009), Венгрия (2010), Малайзия (2010), Қытай (2008-2010, 2013), Үндістан (2013). |
| DTI | Қытай, Колумбия (2000-2010), Польша (2010), Румыния (2004-2008), Оңтүстік Корея (2006-2010), Хорватия (2003-2008), Венгрия (2010-2011), РФ (2008-2010). |
| CGC | Қытай, Колумбия, Малайзия (2000-2010), Түркия (2011), Хорватия (2009). |
| FC | Аргентина (2003-2010), Бразилия (2000-2010), Венгрия (2010), Польша (2006-2010), Румыния (2005-2010), Сербия (2008-2010), Түркия (2009-2010). |
| CCB | Бразилия, Үндістан (2008-2010), Хорватия (2008), РФ (2011, 2013). |
| CB | Бразилия (2008-2010), Болгария (2007-2010), Қытай (2004-2010), Колумбия (2007-2010), РФ (2004-2009), Үндістан (2007), Индонезия (2011), РФ (2008), |

Ескертпе: автор келесі деректер негізінде құрған: Stijn Claessens and Swati R. Ghosh. Macro-Prudential Policies: Lessons for and from Emerging Markets. July 11, 2012. Stijn Claessens, Swati R. Ghosh, and Roxana Mihet. Macro-Prudential Policies to Mitigate Financial System Vulnerabilities. IMF Working Paper. Research Department. August 2014

Дамушы елдердің макропруденциалдық реттеу құралдарының көпшілігін 2008 жылғы қаржылық дағдарыс кезінде немесе дәл содан кейін енгізгенін айта кету керек. Мысалы, 2010 жылы Қытай қайталама тұрғын үйге LTV ипотекалық несие беруді 80%-дан 40%-ға дейін азайтты, жүйелік маңызы бар банктер үшін 2010 жылы контрциклдік капитал буферін құру қажеттілігі енгізілді. Индонезияда 2010 жылы шетел валютасындағы депозиттерді 5% міндетті резервтеу енгізілді, 2011 жылдың өзінде-ақ көрсеткіш 8%-ға артты. Малайзияда 1990 жылы 70% ең жоғары шектегі LTV енгізілді, 2008 жылғы дағдарыстан кейін LTV 60% және болды. Енгізілген макропруденциалдық шаралардың оң әсерінің кейбір мысалдары 7-кестеде берілген.

7-кесте. Дамушы елдер қолданатын макропруденциалдық құралдар

| Ел - | Қолданылатын құрал | Нәтиже |
|--|--|--|
| Польша (2014) | Ипотекалық кредит беруді шектеу бойынша іс- шаралар қатары (анағұрлым жоғары DTI, жоғары салмақты коэффициенттер, қарыз алушы табыс алатын валютада ғана қарыз беру) | қарыз алушылардың өтелмеген кредиттерінің азаюы, ипотекалық қуыстың туындау тәуекелінің азаюы. |
| Оңтүстік Корея (2005, 2010 ж.) | Ипотекалық қарыздарда жылжымайтын мүлік түрі бойынша сараланған LTV төмендеуі (әсіресе қайталама нарықтағы тұрғын үйге қатысты) + DTI қатаңдату, сонымен қатар шетел валютасындағы банктердің міндеттемелеріне салынатын салықты | ипотекалық кредиттеу бойынша мерзімі өткен кредиттер үлесінің төмендеуі- банктер баланстарының жақсаруы; шетел валютасында шамадан тыс қарыз алу, қысқа мерзімді қорландыру тәуекелінің азаюы. |
| Хорватия (2010) | Шетел валютасында қарыз алуды азайту бойынша талаптар, тұрақты қорландыру көзі | Банктердің капитал жылыстауына қатысты талықсытпаларға тұрақтылығын арттыру. |
| Қытай (2010) | LTV бастапқы тұрғын үй үшін – 80%, қайталама тұрғын үй үшін – 40%; банктер үшін консервациялық буферді ұлғайту міндетті | қарыз алушылардың өтелмеген кредиттерінің азаюы, ипотекалық қуыстың туындау тәуекелінің азаюы |
| Ескертпе: автор келесі деректер негізінде құрған: Therese Grace, Niamh Hallissey and Maria Woods. The Instruments of Macro-Prudential Policy. CBI/ Quarterly Bulletin 01 / January 15. | | |

Макропруденциалдық нормативтерді табысты пайдалану макропруденциалдық нормативтерді пайдалану индексінің өсуінен де көрініс алады (MPI). 2000-2013 жылдардағы кезең бойынша дамушы елдер макропруденциалдық шараларды

қолдануды жалпы ұлғайтты. 2000 жылы 1-ден азғана жоғары макропруденциалдық индекс деңгейінен бастап бұл индекс 2017 жылы 2,5-ке дейін өсті. Бұл ретте дамыған елдерде анағұрлым көп пайдаланылатын құрал тұрғын үй секторының осалдылығынан қауіптенуге байланысты, ипотекалық кредит беруге LTV болып табылады, ал дамушы елдерде қарызға алынған құралдардың шамадан тыс үлесін болдырмау, шетелдік валютада кредит беруге шектеу қою құралдары, сондай-ақ капитал ағындарының құбылмалылығы салдарынан контрциклдік буферлер жиі қолданылды.

Бұл ретте осы құралдарға уақыт шектеулерінің бар екенін ескерген жөн, яғни белгілі бір сегменттеріндегі жағдай тұрақтандырылған соң нормативтердің біртіндеп босануы орын алады, сөйтіп олар экономикалық өсімнің тұрақтануына әкеліп соғады.

Нәтижесінде, дамушы нарықтардың капиталдың әлемдік қозғалысына жоғары деңгейде интеграциялануы бұл елдерде жағдайды тұрақтандыру үшін капитал нарығын реттеу шараларын енгізу қажеттігіне алып келеді. Шетелдік тәжірибе дамушы елдердің құралдарды түрлі уақыттарда, негізінен, дағдарыс жағдайларында енгізгенін көрсетеді. Белгілі бір құралдарды енгізу үшін таңдау әрбір елдің макроэкономикалық сипаттамаларына тәуелді болады және өз алдына анықталады. Дегенмен, макропруденциалдық реттеу және капитал қозғалысын бақылау дамушы нарықтардағы жүйелік тәуекелдің төмендеуінде оң нәтижелер береді.

Шикізаттың жоғары бағасына негізделген Қазақстан экономикасының өсу моделі қазіргі жағдайда өзінің бар мүмкіндігін тауысты. Бір жағынан, негізгі шикізат тауарлары бағасының құлдырауы, екінші жағынан, негізгі сауда серіктестері Қытай мен Ресей экономикасының өсу қарқынының бәсеңдеуі, жалпы алғанда, экономикадағы қаржылық тұрақсыздық тәуекелдерін қалыптастырады.

Аталған жағдайда ең төмен ықтималдылық 10%, орташа деңгейдегі ықтималдылық - 10-30%, жоғары деңгейдегі

ықтималдылық - 30% және одан да жоғары деңгейде болатын тәуекелдерді бағалау матрицасын құру арқылы Қазақстан экономикасына жаһандық тәуекелдердің ықпал ету мүмкіндігін қарастыру қажет (8-кесте).

8-кесте. Қазақстан экономикасы үшін тәуекелдерді бағалау матрицасы

| Негізгі қатер көзі | Тәуекел деңгейі | Тәуекел іске асқан жағдайда (немесе оның ұзақ уақыт болуы кезінде) күтілетін экономикаға ықпал |
|---|-----------------|--|
| Мұнай бағасының төмендігі | жоғары | мемлекеттік бюджет кірістерінің азаюы, мұнай секторына салынған инвестициялардың төмендеуі, инвесторлардың Қазақстан экономикасына жалпы алғанда сенімінің төмендеуі |
| Қытайдың өсу қарқынының бәсеңдеуі | орташа | Қытайдан ТШИ-дың және Қытайға экспорттың азаюы, осы бәсеңдеудің ұзақтығынан, ағымдағы операцияларға түсетін қатты қысым. |
| Әлемдегі қаржылық талаптардың қатаюы | төмен | Шетел валютасындағы қарыздардың аздаған көлемін, Қазақстанға капиталдың құйылуына QE ықпалының төмен деңгейін ескерсек, ықпал шектеулі |
| Ресей мен Украина арасындағы бірқалыпсыз саяси жағдай | төмен | Бұл жайт жанама әсерге ие, бірқалыпсыз жағдай шетелдік инвесторлардың (атап айтқанда ТШИ) жалпы Қазақстанға қатысты өңірге сенімінің төмендеуіне әкеліп соғады. |
| Ескертпе: автор құрған кесте | | |

Болашақта Қазақстанда төлем теңгерімінің кері сальдосы, бюджет тапшылығының және сыртқы қарыздардың өсуі туындайтын қалыптасқан жағдайда капитал нарығын қорғау

үшін капиталды бақылау бойынша қосымша шаралар мен макропруденциалдық нормативтер қажет.

Қазақстанның біртіндеп капитал қозғалысын босаңсытуын (ХВҚ сәйкес капитал қозғалысының ашықтық индекстері көрсетіп отырғандай) және валюта нарығындағы нүктелік интервенциялау арқылы инфляциялық таргеттеу саясатын жүргізетінін ескере отырып, Ұлттық Банк «ақша-кредит саясатының тәуелсіздігі - капитал қозғалысының еркіндігі» трилеммасының шеңберіндегі саясатты таңдайды. Ресей мен Бразилия елдерінің мысалындағы зерттеу көрсеткендей, бұл саясат құбылмалы валюта бағамы сыртқы талықсытпаны сіңіре алмайтын болғандықтан, капитал ағындарының құбылмалылығы және жаһандану жағдайында сенімді ақтаған жоқ. Яғни анағұрлым оңтайлы нұсқа «тұрақты валюта бағамы –ақша – несие саясатының тәуелсіздігі» нұсқасы болып табылады. Бұл нұсқаға капитал қозғалысына шектеулерді енгізу немесе қатайту арқылы қол жеткізіледі. Тұрақты валюта бағамы (экономика үшін болжамды, оңтайлы) және экономикалық міндеттерді шешуге бағытталған ақша-несие саясаты үшін капиталдың еркін қозғалысынан бас тартқан жөн (бағамды ұстау міндетінен емес). Бұл ретте активтер нарығында қуыстар жасайтын алыпсатарлық капиталдың жылыстауына алаңдамай-ақ қоюға болады, ал ТШИ үшін ерекше талаптар мен кепілдіктерді қарастыру керек.

2000 жылдан бері Қазақстан Елдің қаржы секторын бағалау бағдарламасына қатысады. 2014 жылы банк секторын стресс-тестілеу, атап айтқанда, мұнай бағасының төмендігіне және ұлттық валюта бағамының өзгеруіне қарай банктердің төлем қабілеттілігіне бағалау жүргізілді. Бастапқы тестілеу үлгісі құнсыздандуды ескере отырып және Базель 3 моделіне сәйкес келмейтін капитал қозғалысының шектерін кезеңдеп ашумен түзетілді – стресс-тестілеудің бұл үлгісі 7 банктің (банк жүйесінің барлық активтерінің жартысына жуығы) капиталдарының нормативтік деңгейлерінің орындалмауына әкеліп соқтырды. Сондай-ақ шетел валютасындағы борыштарды төлеу мүмкіндігінің болмауына байланысты, айырбас бағамы корпоративтік сектор үшін жанама несие тәуекелінің негізгі

факторы болып шықты. Аталған жағдайда есептелген модельге сәйкес 17 банк (банк жүйесі активтерінің 89%) өтімділік стандарттарына және капиталдың қажет етілетін деңгейіне жауап бермейді – оларға қайта капиталдану үшін ЖӨІ-нің 3%-дағы сома қажет. Осылайша, бұл стресс-тестілеу макропруденциалдық реттеудің енгізілген шараларын ескерген жағдайда да банк жүйесінің сыртқы соққыларға әлі де болса әлсіз екенін көрсетеді.

Банктердің қаржылық тұрақтылығын күшейту мақсатында макропруденциалдық шараларды толықтыру қажет. Бірақ сол нормативтердің өзін одан әрі қатайту құнның артуына және ЕДБ-де несиелеу үшін ресурстардың азаюына байланысты экономиканың несиелеу мүмкіндіктеріне кері әсерін тигізетін болады. Демек, макропруденциалдық саясаттың ұсынылған шаралары нормативтерді қатайту арқылы қаржы жүйесінің сапасына ықпал ететін жанама сипатта болуы керек (9-кесте).

9-кесте. Экономикада қаржылық тұрақсыздықтың туындау тәуекелін азайтуға арналған автор ұсынған қосымша макропруденциалдық шаралар

| Ұсынылатын шара | Халықаралық тәжірибе | Күтілетін нәтиже |
|--|---|---|
| Активтер сапасын жан-жақты бағалауды және капиталдың жеткіліктілігіне және ірі банктердің өтімділігіне стресс-тестілеуді тұрақты жүргізу | ЕОБ 2014 жылы 130 банкті бағалауды 25 банктерде капиталдың жетіспейтінін анықтауға, өзіндік бақылау және стресс-тестілеу нәтижелерінің сапасын арттыруға, сондай-ақ нарықтың банктерге қатысу сенімділігін қолдауға мүмкіндік берді | Жағымсыз сценарийлер өрбіген кезде банктердің талықсытпаларға осалдылығын бағалау; капиталдың жеткіліктілігін және банктердің өтімділігін арттыру жоспарларын әзірлеу; банк секторының ашықтығын және инвесторлардың және клиенттердің олардың тұрақтылығына сенімділігін арттыру |
| Банктер қызметінің тәуекелділік деңгейіне қарай салымдарды сақтандыру жүйесіне салынатын банк жарналарының көлемдерін анықтау | Дамыған экономикаларда ғана емес (оның ішінде АҚШ-та, Канадада, Францияда, Германияда, Сингапурда), дамушы елдер қатарында да (оның ішінде Аргентинадада, Түркияда) салымдарды сақтандыру жүйесіне салынатын жарналарды есептері тәуекел ескеріліп қабылданған. | Банктерді тәуекелдерді азайтуға және тәуекел мен табыстылық арасындағы теңгерімге қол жеткізуге уәждемелеу; тәуекел бар қызметтер жүргізетін банктердің жеке тұлғалар қаражаттарына мүдделілігін азайту; |

| | | |
|---|--|---|
| <p>Несие тәуекелдеріне тәуелсіз сараптама құруға нарықты ынталандыру</p> | <p>Standard&Poor's, Moody's Investors Service, FitchRatings, NPA, РусРейтинг, Эксперт РА, JCR, Dagong.</p> | <p>экономикалық шешімдер қабылдаудың барлық кезеңдеріндегі сараптама сапасын арттыру; капиталдардың ұлттық нарығын дамыту және банк секторының өтімділігін арттыру (кредиттік рейтингтік агенттіктердің қызметін дамыту кезінде) капиталдардың ұлттық нарығын дамыту және банк секторының өтімділігін арттыру (кредиттік рейтингтік агенттіктердің қызметін дамыту кезінде)</p> |
| <p>Банктердің тұрақтылығы нашарлаған кезде олардың капиталға конвертацияланатын міндеттерінің болуы туралы талаптар әзірлеу</p> | <p>2016 жылғы қаңтардан бастап ЕО-та банктердің портфелінде меншікті капиталға конвертацияланатын міндеттемелердің белгілі бір көлемінің болуы туралы талап енгізілген.</p> | <p>Банктердің және банк секторының сыртқы әсерлерге орнықтылығын арттыру; Банктердің қаржылық сауықтыруға арналған шығыстарын азайту</p> |
| <p>Проблемалық активтермен тиімді және қауіпсіз сауданы ұйымдастыру үшін «активтер биржасының» алаңдарын құру</p> | <p>Биржаға ұқсас шешімдер көбіне 2007 жылы банк секторындағы проблемалық активтердің өсуіне жауап ретінде түрлі өңірлерде дамытылған (оның ішінде Еуропа мен АҚШ та бар)</p> | <p>(Биржа) банктердің теңгерімдерінде жинақталған нашар және кепіл активтерін өткізуді жеделдету мақсатында қаржы секторының тиісті инфрақұрылымын толықтыруға мүмкіндік береді.</p> |
| <p>Коммерциялық банктерден әділ құнында нашар және кепіл активтерді сатып алу және оларды басқару мақсатында нашар активтер қорын құру</p> | <p>АҚШ-та қайталама нарықтағы хедж-корларға ұқсас тәжірибе</p> | <p>Нашар және кепіл активтердің өтімділігі мен айналымдылығын арттыру; Банк жүйесінің ашықтығын арттыру және банк жүйесінің өтімділігін арттыру</p> |
| <p>Тиісті нысаналы бағдарлар мен қол жеткізу өлшемдері бар шешімдер "жедел" және "стратегиялық" шешімдер тізбесін қамтитын қаржы секторын дамыту стратегиясын әзірлеу</p> | <p>Осы шараны енгізудің нақты тәжірибесі әзірге жоқ</p> | <p>Негізгі стратегиялық шешімдерді, оларды іске асырудың болжалды мерзімдерін және оларды іске асыру үшін жауаптыларды анықтау; Стратегияны іске асыру үшін қажет етілетін ресурстарды айқындау (бюджет, өкілеттік, персонал, сараптама, деректер, құралдар және әдіснама)</p> |

| | | |
|--|--|---|
| Банк өнімдерін пайдалануды сараландыру – атап айтқанда - исламдық қаржыландыру | 2008 жылдың қаржы дағдарысы ислам қаржы жүйесі бар елдер жүйесінің анағұрлым тұрақты екенін көрсетті | Тәуекелді азайтуға мүмкіндік береді, себебі, бұл ретте төлемдер бекітілмейді, олар жобаның өзінің табыстылығына байланысты болады, ал тәуекелдер банк пен қарызға алушы арасында бөлінеді |
| Болжалды тәуекел және табыстылық бойынша негізгі қарызға алушыларды сапалы сегменттеуді қамтамасыз ету және нысыналы бейіні бар клиенттерді таңдау | Бұл сегменттеу деректері АҚШ пен Еуроодақта белсенді қолданылады | Қарызға алушыларға несие беру кезінде тәуекел-менеджментін күшейтуге және төленбей қалу тәуекелін азайтуға мүмкіндік береді. |
| Ескертпе: автор құрған кесте | | |

Осылайша, осы шараларды қолдану жүйенің қаржылық тұрақтылығын күшейтетін болады.

Бұдан басқа, капитал қозғалысын бақылау жөнінде шараларды күшейту, ТШИ емес, алыпсатарлық капитал қозғалысын ғана қысқарту қажет. ТШИ өнеркәсіптік өндірістің дамуына мүмкіндік береді, осылайша мемлекеттік бюджетке салықтардың төленуін жанама түрде арттырады. Өз кезегінде алыпсатарлық капитал қысқа мерзімділігіне қарай елдің қаржы жүйесін тұрақсыздандыруы мүмкін. Берілген құралдарды енгізу басқа дамушы елдердің тәжірибесіне, атап айтқанда Бразилия еліне жүргізілген зерттеуге негізделуі тиіс (10 - кесте).

10-кесте. Капиталдың трансшекаралық қозғалысын шектеу бойынша ұсынылатын шаралар

| Ұсынылатын құрал | Мақсат |
|--|--|
| Белгіленген табыстылығы бар үлестік құралдар мен борыштық құралдарға салынатын салық | Қысқа мерзімді алыпсатарлық капитал ағынын төмендетуге мүмкіндік береді. Оны пайдаланудың тиімсіздігі кезінде норматив мәнін көтеру керек. Бұл ретте Бразилиядағыдай бұл нормативтерден айналып өтуді болдырмау үшін күшті заңнамалық база қажет болатынын ескеру керек; |
| Капиталдың елде болуына ең төменгі талаптарды енгізу | Тіпті егер алып-сатарлық капитал елге келген жағдайда да жылыстауға уақытша шектеулер енгізу арқылы күрт жылыстау тәуекелін азайтуға болады . |

| | |
|--|--|
| Мемлекеттің шетелдік инвестициялар көлемдерінің белгілі жоғары шегін енгізуі | Бұл ретте, шектеулер мәндерінен артағын инвестициялар мемлекеттік міндеттерді орындауға – мысалы, отандық тауарлар экспортына немесе қажетті жабдықтар мен технологиялар импортына септігін тигізуі тиіс); |
| Қазақстандық банктердің трансшекаралық операцияларына бақылауды күшейту және өзара көмек туралы меморандумға қол қою | Бұл шара 2014 жылдан бастап енгізіле бастады. 2014-2015 жылдар бойынша ҚР ҰБ Үндістан резервтік банкімен, РФ ОБ-мен, Бахрейн ОБ-мен және басқаларымен меморандумға қол қойды. Оффшорлық аймақтар ауқымын кеңейту керек. Бұл елден жасырын капиталдың жылыстауын анықтауға мүмкіндік береді |
| Ескертпе: автор құрған кесте | |

Осылайша, әлемдік экономиканың жаһандану жағдайында Қазақстанның капитал нарығының дамуы макропруденциалдық реттеу және капиталдың қозғалысын шектеу жөніндегі шаралардың сапасы мен тиімділігіне толықтай тәуелді болады. Ұсынылған шаралар елдегі қаржылық тұрақсыздық тәуекелін азайтуға мүмкіндік береді.

Қорытындылар

Соңғы екі онжылдық ішіндегі жоғары қаржылық интеграция капиталдың халықаралық ағындарының деңгейі мен құбылмалылығының тиісінше ұлғаюымен қатар, дамушы елдер экономикаларының жаһандық қаржы сілкіністеріне тәуелділігін ұлғайтты. Осыны ескере отырып, дамушы елдерге капиталдың трансшекаралық алып-сатарлық ағындарына тиімді бақылау саясатын енгізу, сондай-ақ капиталдың құбылмалы ағындары бағыттарының өзгеруі салдарынан жүйелік дағдарыстың ықтимал тәуекелін азайту үшін макропруденциалдық саясат құралдарын пайдалану қажет. Қалыптасқан жағдайда ұлттық реттегіштер капитал ағындарының жоғары құбылмалылығы жағдайында елдің қаржы жүйесіне неғұрлым сәйкес келетін саясатты таңдауы тиіс. Яғни, аталған жағдайда дамушы экономикасы бар елдердегі капитал нарығының даму үрдісі капиталдың трансшекаралық қозғалысына қатысты дұрыс құрылған экономикалық саясатпен толықтай анықталатын болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Robin Koepe. What Drives Capital Flows to Emerging Markets? A Survey of the Empirical Literature. MPRA Paper No. 62770, 23. April 2015.
2. Bernanke, B. S. 2013. «Monetary Policy and the Global Economy.» Speech at the Department of Economics and STICERD (Suntory and Toyota International Centres for Economic and Related Disciplines) Public Discussion in Association with the Bank of England, London School of Economics, London, United Kingdom, 25 March.
3. Rajan, R. G. «Competitive Monetary Easing: Is It Yesterday Once More?» Speech at the Brookings Institution, Washington, D.C., 10 April, 2014.
4. R. Lavigne, S. Sarker. Spillover effects of QE on emerging market economies. Bank of Canada Review. Autumn 2014.
5. Peter Tillmann, Unconventional Monetary Policy and Spillovers to emerging markets. Justus-Liebig-University Gießen, Germany. April 10, 2015;
6. Д.В. Скрыпник. Влияние политики количественного смягчения США на российскую экономику. Макроэконометрический анализ. Журнал Новой экономической ассоциации, № 2(22) с. 74-101.
7. Почтарев Н.С. Влияние политики «количественного смягчения» в США и Евросоюзе на экономическое развитие стран БРИКС, Москва, 2015 г.
8. International Monetary Fund. 2016. World Economic Outlook: Too Slow for Too Long. Washington, April 2016.
9. Ostry, J. D., A. R. Ghosh, K. Habermeier, M. Chamon, M. S. Qureshi, and D. B. Reinhart (2010): «Capital Inflows: The Role of Controls,» IMF Staff Position note SPN/10/04, February 19.
10. Therese Grace, Niamh Hallissey and Maria Woods. The Instruments of Macro-Prudential Policy. CBI/ Quarterly Bulletin 01 / January 15.
11. Stijn Claessens and Swati R. Ghosh. Macro-Prudential Policies: Lessons for and from Emerging Markets. July 11, 2012. Stijn Claessens, Swati R. Ghosh, and Roxana Mihet. Macro-Prudential Policies to Mitigate Financial System Vulnerabilities. IMF Working Paper. Research Department. August 2014.
12. Therese Grace, Niamh Hallissey and Maria Woods. The Instruments of Macro-Prudential Policy. CBI/ Quarterly Bulletin 01 / January 15.

Бекжан Садықов

*Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы ҚСЗИ,
әлеуметтік-экономикалық зерттеулер бөлімінің ғылыми
қызметкері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің докторанты*

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘРЕКЕТ: МҮМКІНДІКТЕР МЕН ТӘУЕКЕЛДЕР

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан экономикасының нақты секторының инновациялық қызметі талқыланады. «Индустрия 4.0» аясында жаһандық инновациялар мен технологиялық сынақтар жағдайында Қазақстанның инновациялық әлеуетін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Экономикалық даму факторлары ретінде әрекет ететін негізгі жаһандық инновациялық үрдістер байқалады. Қазақстан экономикасының нақты секторындағы инновациялық белсенділіктің қазіргі жағдайын одан әрі инновациялық дамыту мүмкіндігін анықтауға талдау жүргізілді. Талдау нәтижелері бойынша инновациялық қызметке байланысты негізгі тәуекелдер анықталды. Зерттеу нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының инновациялық әлеуетін кеңейту бойынша практикалық шаралар ұсынылған.

Түйін сөздер: «Инновация», «Өнеркәсіп 4.0», «экономикалық даму», «бәсекеге қабілетті», «инновациялық әлеуеті».

Бекжан Садықов

ИННОВАЦИОННАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В РЕАЛЬНОМ СЕКТОРЕ ЭКОНОМИКИ КАЗАХСТАНА: ВЫЗОВЫ И РИСКИ

Аннотация. В настоящей статье рассматривается инновационная активность реального сектора экономики Казахстана.

Особое внимание уделяется развитию инновационного потенциала Казахстана в контексте глобальных инновационно-технологических вызовов на фоне «индустрии 4.0». Отмечены основные глобальные инновационные тренды, выступающие факторами экономического развития. Проанализирована текущая ситуация инновационной активности в реальном секторе экономики Казахстана для определения возможностей дальнейшего инновационного развития. По результатам анализа определены основные риски, связанные с инновационной активностью. По итогам исследования предлагаются практические меры с целью расширения инновационной возможности Республики Казахстан.

Ключевые слова: «инновации», «индустрия 4.0», «экономическое развитие», «конкурентоспособность», «инновационный потенциал».

Bekzhan Sadykov

INNOVATIVE ACTIVITY IN THE REAL SECTOR OF THE ECONOMY OF KAZAKHSTAN: CHALLENGES AND RISKS

Abstract. This article discusses the innovative activity of the real sector of Kazakhstan's economy. Particular attention is paid to the development of the innovative potential of Kazakhstan in the context of global innovative and technological challenges on the back of «Industry 4.0». The main global innovation trends that act as factors of economic development are noted. The current situation of innovation activity in the real sector of the economy of Kazakhstan was analyzed to determine the possibilities for further innovative development. The main risks associated with innovation activity are identified based on the results of the research. According to the results of the study, practical measures are proposed to expand the innovative potential of the Republic of Kazakhstan.

Keywords: «Innovations», «Industry 4.0», «Economic Development», «Competitiveness», «Innovation Potential».

Кіріспе

Инновациялық қызметтің даму дәрежесі экономиканың нақты секторларының негізгі өсу факторы болып табылады. Алайда, бүгінгі таңда Қазақстан экономикасының нақты секторындағы инновациялық қызмет сыртқы орта талаптарына сай келмейді. Тұтастай алғанда, Қазақстан инновациялық экономиканы дамытудың бастапқы кезеңінде тұр.

Инновациялық қызметті дамыту бойынша «Индустрия 4.0» қарсаңындағы мемлекеттік саясат жаһандық сын-қатерлерге бейімделуге бағытталған. Инновациялық қызмет қажетті жағдайда қарқынды дамып келеді. Қазіргі уақытта инновациялық жүйенің негізгі элементтері қалыптасты, алайда инновациялық қызметті одан әрі дамыту Қазақстан нарығындағы бәсекелестіктің ұлғаюына тәуелді болады.

Инновациялық қызметті дамыту үшін одан әрі ынталандырмалар мен жағдайларды жасау экономикалық саясаттың негізгі міндетіне айналуы тиіс. Жағдайдың күрделілігі мемлекеттер мен олардың экономикалық субъектілері арасындағы халықаралық сауда алаңында бәсекелестіктің артуымен байланысты.

Осы жұмыста сын-қатерлерді анықтау мақсатында Қазақстанның жаһандық мәнмәтіндегі инновациялық белсенділігінің ағымдағы жағдайы ұсынылған. Бұдан басқа, жұмыс экономиканың нақты секторындағы инновациялық қызметтің ахуалын талдауға бағытталған және онда негізгі тәуекелдер бөліп көрсетілген.

Қазақстан әлемдегі инновациялық қызмет мәнмәтінде

Қазіргі уақытта инновациялық қызметтің тиімділігі бәсекеге қабілеттілік пен ұлттық ілгерілеудің шешуші факторларының бірі болып табылады. Сонымен қатар, инновациялар тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуді қоса алғанда, жаһандық проблемаларды шешу үшін маңызды.

«Индустрия 4.0» қарсаңында инновациялар арқылы өнімділікті арттыру көптеген елдердің басты мақсатына айналды. Инновациялық «серпіліс» адам өмірінің барлық салаларын

қозғады. ХХІ ғасырдың инновациялық технологиялары мен практикалары экономиканың нақты секторларының өнімділігі мен экспорттық әлеуетін жақсартуға мүмкіндік береді.

Алайда, Қазақстан экономиканың басым салаларын инновациялық дамытуда айтарлықтай артта қалып отыр. Мұндай артта қалу жаһандық бәсекеге қабілеттілікке әсер етеді.

Мәселен, Дүниежүзілік экономикалық форумның мәліметтеріне сәйкес «инновациялық мүмкіндік» өлшемшарты бойынша Қазақстан 87-ші орынды алады, ал Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының индексіне сәйкес 74-ші орынды иеленеді (1-кестені қараңыз).

1-кесте. Халықаралық бағалауларға сәйкес 2018 жылғы елдердің инновациялық қызметінің рейтингі

| Рейтинг/Ел | Қазақстан | Қытай | Ресей | АҚШ | Нидерланды |
|---|-----------|---------|---------|--------|------------|
| 2018 жылғы ДЭФ бағалауы бойынша «инновациялық мүмкіндік» | 87-орын | 24-орын | 36-орын | 2-орын | 9-орын |
| ДЗМҰ бағалауы бойынша «2018 жылғы жаһандық инновациялық индекс» | 74-орын | 17-орын | 46-орын | 6-орын | 2-орын |

Дереккөз: Дүниежүзілік экономикалық форумның және Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының деректері бойынша құрастырылды

Жалпы алғанда, геосаяси өзгерістер аясында коммерциялық нарықтардағы күресті қоса алғанда, мемлекеттер арасында инновациялық және технологиялық бәсекелестіктің күшейгені байқалады. Соның салдарынан техноэкономикалық ілгерілеулер мен экономиканың жоғары технологиялық секторларының өскені байқалады.

Әлемде инновациялық қызмет және мемлекеттердің белсенділігі бөлігінде мынадай негізгі үрдістер байқалады:


Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерді қаржыландырудың ұлғаюы.

Жаһандық бәсекелестіктің күшеюі аясында ҒЗТКЖ-ға әлемдік жалпы шығындардың ұлғайғаны байқалады. Әлемдік жалпы шығыстар ЖІӨ-ге пайыздық қатынаста 2015 жылдың қорытындысы бойынша 2011 жылғы 1,64%-дан 1,7%-ға дейін өсті. ЭЫДҰ елдерінің шығыстары 2014 жылға дейінгі өсу үстінде болды және 2,361%-ға дейін ұлғайды. 2015 жылы шығыстардың төмендеуі әлемдік экономика өсуінің баяулау салдарымен байланысты (1-суретті қараңыз).

Алайда, АҚШ-тың ҒЗТКЖ-ға жұмсалатын шығыстары ЖІӨ-ге пайыздық қатынаста 2012 жылдан бастап өсу сатысында тұр және 2017 жылы 2,744%-ға жетті. Бұл үрдіс АҚШ пен Қытай арасындағы «технологиялық соғыстың» салдары болып табылады. 2011 жылдан бастап 2017 жылға дейін Қытайдың шығындары тұрақты өскенін айта кету керек. 2017 жылы Қытайдың жалпы шығыстары ЖІӨ-мен салыстырғанда 2,107%-ға жетті - бұл жалпы әлемдік шығыстардың орташа деңгейінен жоғары. АҚШ-тың Ұлттық ғылыми қоры таяудағы 5-10 жылда ғылым мен технологияны дамытуға жұмсалатын шығындар бойынша Қытайдың көшбасшы болатынын болжайды [1]. Бұл ретте бизнес-сектордың осы екі мемлекеттің инновациялық дамуындағы рөлі күшейеді. Мәселен, БҰҰ деректеріне сәйкес Қытайда ҒЗТКЖ-ны қаржыландыру 2016 жылы 76,1%-ға дейін, АҚШ-та 62,3%-ға дейін ұлғайған [2].

Сонымен қатар табысы орташадан жоғары елдер тобында жалпы шығыстардың өскені байқалады. Шығыстар 2015 жылы 1,4%-ға дейін ұлғайды. Елдердің осы тобында шығыстардың ұлғаюын ҒЗТКЖ-ға жұмсалатын әлемдік жалпы шығыстардың өсу факторы деп санаған жөн [2].

Ресей Федерациясы Еуропалық Одақ пен АҚШ-тың ұзақ санкцияларына қарамастан, ҒЗТКЖ-ға жұмсалатын жалпы шығыстарды 2011 жылғы 1,013%-дан 2015 жылы 1,099%-ға дейін біршама ұлғайтты.



1-сурет. Елдер мен елдер топтарының 2011-2017 жылдар аралығындағы жалпы шығыстарын ЖІӨ-мен салыстырмалы талдау, %

Дереккөз: ЮНЕСКО және ЭЫДҰ деректер базасына сәйкес құрастырылды

Сонымен қатар, Қазақстанның ҒЗТКЖ-ға жұмсалатын жалпы шығыстары елдердің өз тобының ішіндегі шығыстардан айтарлықтай төмен. Қазақстанның жалпы шығыстары 2011-2016 жылдар аралығында 0,2%-дан кем болды (1-суретті қараңыз). Бұл ретте БҰҰ деректеріне сәйкес ҒЗТКЖ-ға жұмсалатын шығыстардың жартысынан астамын мемлекеттік сектор қаржыландырады [2].

Бұдан басқа, Қазақстанның ҒЗТКЖ-ға жұмсалатын жалпы шығыстары Орталық Азиядағы орташа көрсеткіштен төмен. Мәселен, Орталық Азия елдерінің орташа жалпы шығыстары 2011 жылдан бастап өсу сатысында болды және 2015 жылы ЖІӨ-ге 0,189%-ға жетті. 2015 жылы Қазақстанның шығыстары 0,17% деңгейінде болды, ал 2016 жылы 0,142%-ға дейін қысқарды [2].

ҒЗТКЖ-ға жұмсалған шығыстар бойынша едәуір алшақтық Қазақстанның инновациялық қызметінің экономиканың нақты секторында ғана емес, жалпы бәсекеге қабілеттілікке кері әсерін тигізеді.

Экономиканың нақты секторында инновацияларды енгізу өндірісті цифрландыру ұғымымен ұштасады. Мұндай

технологияларды енгізудің нәтижесінде салалардың өнімділігі артады.

Ағымдағы инновациялық технологияларды енгізу ауқымы, жаңа инновациялық технологиялардың пайда болу қарқыны жаһандық мәнмәтінде нақты экономика салаларының технологиялық даму трендтерін айқындайды. Бұл тұрғыда аз дамыған елдер өз экономикалық жүйесінде инновациялық шешімдерді іске асыруға және қоғамды, оның ішінде Қазақстанды да өнеркәсіптік төңкеріске бейімдеуге ұмтылады.

Экономиканың нақты секторларында мынадай негізгі жалпы әлемдік инновациялық трендтерді назарға алған жөн:

Агроөнеркәсіп прецизионды¹ (дәлме-дәл немесе болжамды) және «ақылды» салаға айналуға.

Соңғы жылдары инновациялық технологиялар мен практикаларды қолдану ауыл шаруашылығы саласындағы технологиялық ілгерілеулерге ықпал етті. ХХІ ғасырдың жасанды зерде, ұшқышсыз дрондар, «ақылды» фермалар сияқты және басқа да инновациялық технологияларын кешенді пайдалану агроөнеркәсіп саласында жоғары болжамдылыққа қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, өндірістік және өндірістен кейінгі процестердің барлық кезеңдерінде кеңінен және жүйелі пайдалану саланың өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта өнімді талдау үшін роботталған процестерге жасанды зерденің енгізілгенін атап өткен жөн. Сонымен қатар, жасанды зерде ауыл шаруашылығы көлігінде кеңінен қолданылады. Бұл жаңалық бұлтты технологиялар арқылы жұмыс істейтінін және болашақта «заттар интернетіне» ықпалдасуға қабілетті екенін атап өту қажет.

Ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру бөлігіндегі басқа инновациялық технология ұшу дрондарын қолдану болып табылады. 2017 жылғы Farm Journal сауалнамасына сәйкес АҚШ-

¹ Precision agriculture. Прецизионды егіншілік (РА), жер серіктік егіншілік немесе жергілікті жерлердегі нақты дақылдарды басқару (SSCM) – бұл танаптардың арасында және ішінде дақылдардың өзгеріштігін бақылауға, өлшеуге және ден қоюға негізделген, ауыл шаруашылығын басқару тұжырымдамасы. Ресей әдебиетінде бұған ең жақын мән – дәлме-дәл егіншілік.

тағы сұралған фермерлердің 33%-ы дрондарды пайдаланады және 31%-ы 2018 жылы дрондарды пайдалануды жоспарлады. Мұндай қызығушылық ауыл шаруашылығында жергілікті жердің картасын жасау, жануарларды бақылау, жүктерді тасымалдау, суару және тозандандыру үшін ұшқышсыз құралдарды пайдаланудың кең мүмкіндіктерінен туындады. Жергілікті жердің карталарын жасау фермерлерге олардың меншігі туралы нақты түсінік беруге мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде фермерлер қызметті тиімді жоспарлай алады.

9 үздік фермада бірнеше инновациялық шешімдердің комбинацияларын енгізу қазақстандық нақты агроөнеркәсіп индустриясының мысалы болып табылады. Бұл жобалар агроөнеркәсіп саласын цифрландыру шеңберінде іске асырылады. Мәселен, өнімділіктің 2 есеге артуы және фермерлік шаруашылықтар шығындарының қысқаруы күтілуде.

Өнеркәсіп пен құрылыстағы «ақылды» жүйелерге көшу.

Қазіргі уақытта аддитивті өндіріс технологиялары жоғары қарқынмен дамуда және өнеркәсіпте кеңінен қолданылуда. Мысалы, 3D модельдеу өнеркәсіптік үлгілер мен модельдерді әзірлеуге мүмкіндік береді. Бұл ретте 3D модельдеу технологиясын машиналық оқытумен бірге роботтандыру өндірістік процестер кезінде адами факторды болдырмауға ықпал етеді. Виртуалды және толықтырылған шындық технологиялары өндірістегі күрделі электр монтаждық міндеттерді іске асыруға септігін тигізеді. Мәселен, Boeing корпорациясы өзінің өндірістік процестерінде толықтырылған шындық технологияларын пайдаланады. Заттар интернеті өнеркәсіпте жиі пайдаланылады. Өндірушілердің 63%-ы заттар интернетін қолдану табыстың өсуіне ықпал етеді деп күтеді. Өндірістік және өндірістік емес процестер мен жабдықтардың үштен бір бөлігі заттар интернеті базасында зияткерлік шешімдерді пайдалануды қамтиды.[3]

Қазақстан экономикасының нақты секторындағы инновациялық қызметтің ағымдағы жағдайына шолу

Қазақстан әлі де инновациялық дамудың ерте сатысында. Соңғы жылдардағы инновациялық қызметті ынталандыру және қолдау жөніндегі мемлекеттік саясат экономиканың нақты секторының

бәсекеге қабілетті салаларын қалпына келтіруге және қолдауға, қолайлы инвестициялық ахуал құруға бағытталған. Өзекті деректерге сәйкес еліміз бизнес жүргізу жеңілдігі рейтингінде 28-орынға көтерілген.

Инновациялық даму тұжырымдамасын іске асыру арқылы жүзеге асырылатын ішкі мемлекеттік саясаттың басқа негізгі міндеті «Инновациялық технологиялар паркі», «Жасыл технологиялар мен инвестициялық жобалардың халықаралық орталығы», «Astana Hub IT-стартаптардың халықаралық технопаркі» ғылыми-инновациялық жүйе элементтерін құру және жаңғырту болып табылады.


Сонымен бірге, экономикаға мемлекеттің араласуының жоғары деңгейі инновациялық қызметтің дамуына ықпал етпейді. Мәселен, Қазақстан экономикасы қалыпты-еркін деп бағаланады және 2019 жылы жаһандық экономикалық бостандық рейтингінде 59-орында тұр [4].

Тұтастай алғанда, Қазақстан экономикасының нақты секторындағы инновациялық қызмет тұрақсыздығымен сипатталады. Қазақстан экономикасының нақты секторындағы инновациялық қызметтің мынадай үрдістері мен ерекшеліктерін атап өту қажет:

Кәсіпорындардың құбылмалылығы және төмен инновациялық белсенділігі.

Бизнесті қолдау жөніндегі мемлекеттік саясат аясында 2014 жылмен салыстырғанда 2017 жылы елдегі экономиканың нақты секторы кәсіпорындарының саны 14 941 кәсіпорынға дейін 29%-ға, ал инновациялары бар кәсіпорындардың саны 1256 кәсіпорынға дейін 41%-ға өсті.

Алайда, 2017 жылы инновациялары бар кәсіпорындардың жалпы санының 2,6%-ында ғана инновацияның небәрі 4 түрі бар. [5] Бұл инновациялық белсенділік деңгейіне және кәсіпорындардың өнімділігіне теориялық тұрғыдан әсер етеді. Соның салдарынан экономиканың нақты секторындағы кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейі 2014-2017 жылдар аралығында 10%-дан төмен деңгейде қалып отыр. (2-суретті қараңыз).



2-сурет. Экономиканың нақты секторы кәсіпорындарының инновациялық белсенділік деңгейі

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметтері бойынша құрастырылды.


Бұл ретте 2016 жылдан бастап өнімдік және процестің инновациялар бойынша кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейінің өскені байқалады. Алайда, өнімдік және процестік инновациялары бар кәсіпорындар саны 2017 жылы кәсіпорындардың жалпы санымен салыстырғанда 73,25%-ды құрады.

Бұл қазіргі инновациялық шешімдерді енгізуге қызығушылықтың төмендігін немесе олардың қолжетімсіздігін көрсетеді.

Инновациялық кәсіпорындарды қаржыландырудың тұрақсыздығы.

Экономиканың нақты секторындағы кәсіпорындардың шығыстары 2014-2016 жылдар аралығында ұлғайды. Бұл ретте Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асырумен байланысты 2016 жылы инновацияларға жұмсалатын шығындардың айтарлықтай ұлғайғаны байқалды.

2016 жылы технологиялық инновацияларға арналған шығыстар көлемі 2014 жылғы шығыстар көлемінен 5 есе артық болып, 1 408 миллиард теңгеден асты (3-суретті қараңыз).



3-сурет. 2014-2017 жылдар аралығында технологиялық (өнімдік және процестік) инновацияларға жұмсалған шығындар


Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметтері бойынша құрастырылды.

Алайда, мемлекеттік бағдарламаны іске асыру кезеңдерінде көзделген бюджеттік қаржыландырудың қысқаруына байланысты технологиялық инновацияларға жұмсалған шығындар көлемі 2017 жылы 47-ға қысқарып, 742 миллиард теңгені құрады.

Бұл ретте зерттеулерді қаржыландырудың ең көп үлесін республикалық бюджеттен бөлінетін шығындар құрайды. Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректеріне сәйкес, ҒЗТКЖ-ға жұмсалатын шығындардың шамамен 50%-ы республикалық бюджеттен 35 338 миллион теңгеден астам сомаға қаржыландырылды. Бұл ретте шетелдік инвестициялардың төмен деңгейі байқалады - 1 227 миллион теңге.

Инновациялық өнімді өткізу көлемінің ұлғаюы.

Экономиканың нақты секторының салалары өндірген, сатылған өнімнің көлемі 2017 жылы 764 947 миллион теңгеге дейін өсіп, 2014 жылмен салыстырғанда 1,5 еседен астам ұлғайды (4-суретті қараңыз). Бұл ретте нарық үшін жаңа болып табылатын сатылған инновациялық өнімнің үлесі 65,83%-ға дейін өсті.



4-сурет. 2014-2017 жылдар аралығында экономиканың нақты секторы салаларының сатылған инновациялық өнімінің көлемі.

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметтері бойынша құрастырылды.


Ұйым үшін жаңа болып табылатын сатылған инновациялық өнім көлемі 2017 жылы 2014 жылмен салыстырғанда 17%-ға ғана ұлғайды. Шағын ұлғаю отандық кәсіпорындардың инновацияларды енгізуге мүдделі еместігін жанама түрде көрсетеді.

Экономиканың нақты секторындағы кәсіпорындардың инновациялық қызметінің тәуекелдері

Кәсіпорындардың ағымдағы инновациялық белсенділігі және болашақта зерттеулер мен әзірлемелерді қаржыландырудың төмендігіне байланысты өз әзірлемелерінің болмауы отандық инновациялық өнімнің халықаралық нарықта бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуіне әкеп соғады. Мынадай өзара байланысты тәуекелдерді бөліп көрсету керек:

Экспортталған инновациялық өнім көлемінің қысқаруы

2017 жылдың қорытындысы бойынша экспортталған инновациялық өнім көлемі 2 есеге қысқарды. Мәселен, экономиканың нақты секторының кәсіпорындары 2017 жылы 83 255,4 миллион теңге сомасына инновациялық өнім экспорттады, ал 2014 жылы экспорт көлемі 177 356 миллион теңгені құрады (5-суретті қараңыз).



5-сурет. 2014-2017 жылдар аралығында экспортталған, өткізілген инновациялық өнімнің көлемі.


Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметтері бойынша құрастырылды.

Бұл ретте Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметтеріне сәйкес 2017 жылы экспортқа жеткізілген инновациялық өнімнің үлесі 69%-ға дейін өсті. Осыған қарамастан, оның ЖІӨ-ге пайыздық қатынастағы үлесі небәрі 1,59%-ды құрайды.

2015 жылы экспортталатын инновациялық өнім көлемінің күрт төмендеуінің негізгі факторы өңдеуші өнеркәсіптің тауарлық өніміне сұраныстың азаюы болды. Өңдеуші өнеркәсіптің экспорттық өнімінің көлемі 2014 жылы 176 363,6 миллион теңгені, 2015 жылы 29 699,3 миллион теңгені құрады.

Ұйымдық-өндірістік тәуекелдер

Зияткерлік меншікке өтініш берушілер санының аздығы зерттеушілердің саладағы кәсіпорындардың ұйымдық-өндірістік ортасына тартылуының төмендігін жанама түрде көрсетеді. Өнеркәсіптік дизайн бойынша қазақстандық ізденушілердің саны 2017 жылы 203, патенттер бойынша 1228 құрады (5-суретті қараңыз) [6].



6-сурет. 2014-2017 жылдар аралығында Қазақстаннан зияткерлік меншікке ізденушілер саны

Дереккөз: Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының деректері бойынша құрастырылды.

Бұдан бөлек, баға белгілеуге, өткізу нарықтарының кеңеюіне және маркетингтік қолдауға әсер ететін маркетингтік инновациялары бар кәсіпорындар санының төмендігі байқалады. Мәселен, Қазақстанда 2017 жылы небәрі 201 кәсіпорынның, 2014 жылы 150 кәсіпорынның ғана маркетингтік инновациялары болды. Ұйымдық инновациялары бар ұйымдар саны 2017 жылы 346, 2014 жылы 247 кәсіпорынды құрады [5].

Болашақта сатылған инновациялық өнім көлемінің одан әрі қысқаруы, сондай-ақ кәсіпорындардың халықаралық сауда-экономикалық аренадағы тиімсіздігі тәуекелі бар.

Тұжырымдар

Қазақстанның экономиканың нақты секторындағы инновациялық қызметі «эволюциялық дамудың» бастапқы сатысында тұр. Индустриялық-инновациялық экономиканы дамытудағы ілгерілеуге қарамастан, экономиканың нақты секторындағы инновациялық қызмет және салалардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдай жасаудың ағымдағы қарқыны жаһандық бәсекелестіктің осы шарттарына жауап бермейді.

Қазіргі либералды экономикалық даму модельдерімен Қазақстанның экономикалық моделін құраудың жоғары

деңгейінде және тиісінше салалар ішіндегі жоғары бәсекелестік жағдайында инновациялық қызметті дамыту толық көлемде мүмкін болады. Нарықтық бәсекелестік кәсіпорынның инновациялық технологияларды әзірлеуге және енгізуге қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Экономиканың нақты секторындағы инновациялық қызметтің тұрақсыз сипаты нашар дамыған ғылыми-инновациялық жүйенің және жалпы инновациялық стратегияның болмауының нәтижесі болып табылады.

Қалыптасқан жағдай Қазақстан экономикасының нақты секторының басым салаларының өсуін баяулату алғышарттарын жасайды. Бұдан басқа, ұзақ мерзімді келешекте салалардың экспорттық әлеуетінің төмендеу тәуекелі бар.

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 30 елдің қатарына кіруін қамтамасыз ету үшін инновацияларды дамыту болашақ жылдардың басым міндеттерінің біріне айналуы тиіс.

Осыған байланысты елдің инновациялық мүмкіндігін кеңейту мақсатында ішкі мемлекеттік жоспарлау жүйесінде түбегейлі өзгерістер қажет.

Қазақстандағы инновациялық қызметті одан әрі үдемелі жеделдету мақсатында мынадай шаралар ұсынылады:

1. Экономиканың нақты секторында инновациялық белсенділікті кеңейту және күшейту жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асырудың халықаралық тәжірибесін талдау.

2. Бәсекелестік деңгейін арттыру үшін мемлекеттің экономикалық субъектілерін жекешелендірудің жоғары қарқынын қамтамасыз ету.

